



Жас өркен Қостанай



6(85) қараша-желтоқсан, 2016 жыл

МЕНШІК ИЕСІ:

Ахмет Байтұрсынов
атындағы
Қостанай мемлекеттік
университеті.
Ректор Хұсаиын ВАЛИЕВ

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Төраға
Кенжеғали САҒАДИЕВ
Дикан ҚАМЗАБЕК
Хұсаиын ВАЛИЕВ
Алмас ӘБСАДЫҚ
Гүлнар БЕРКЕНОВА

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор
Ақылбек ШАЯХМЕТ
8(705) 650-65-51
шығарушы редактор
Қымбат ДОСЖАНОВА
8(702) 514-14-03
менеджер-дизайнер
Айтолқын ҚАПАН

Журнал ҚР Мәдениет,
ақпарат және
қоғамдық келісім
министрлігінде
2002 жылы
18 қарашада тіркеліп,
№3386-Ж куәлігі берілген.
Екі айда бір рет шығады.
Редакцияға келіп түскен
хаттар әдеби өңделеді,
қысқартылады,
ойы сақталып түзетіледі.
Көлемі үш компьютерлік
беттен асқан материалдар
қабылданбайды.

ҚР Тәуелсіздігіне 25 жыл

Матулыққа не жетеді !

*Мәуелсіздік, арманы едің бабалың,
Мәуелсіздік, тірегі сен ғаламның.
25 жыл тойын тойлап қазағың,
Осы жылда бір белекке жаңардың.*

*Бар қазақтың қалауы да сен едің,
Мәңгілік ел көркейеді, сенемін.
Дердес елді қадірлейік, азайып,
Бейбіт елде өмір ерсеін дөберің.*

*Матулыққа не жетеді ғаламда?!
Мәуелсіздік, сенің ғымдат бағың да.
Жердің бетін жеті айналып шықсаң да,
Азат құрпен асқан бақыт тадам ба?*

**Жұлдыз ТОСОВА,
ГӘФ журналистика мамандығының 3-курс
студенті.**



Облыс әкімі университет жастарымен кездесті

Қостанай облысының әкімі Архимед Мұхамбетов Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің студент жастары және оқытушыларымен кездесті.

Астықты аймақ басшысы кездесудің алдында студенттер жатақханасы мен бірнеше әлеуметтік нысандарды аралап көрді. Нысандардың жабдықталуына, материалдық-техникалық базасына көңілі толғанын айтып, жоғары бағасын берді. Содан кейін іргелі оқу орнының бас ғимаратына келіп, жастар және оқытушылармен кездесті. Іс-шараға облыстық басқармалардың басшылары, Қостанай қаласының әкімі Базыл Жақыпов та қатысқан болатын.

- Оқу орнының студенттерімен кездесудің өзіндік мәні бар. Ахмет Байтұрсынов халық үшін елеулі еңбек еткен тарихи тұлға. Артынан өшпес із қалдырған бірегей азамат. «Балам дейтін жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан шықсын» деген аталы сөздің авторы да – А.Байтұрсынов. Біз жастарға қолайлы жағдай жасамасақ, елін сүйетін патриот қайдан шығады? Алаш ардақтысының айтпақ ойы осы еді.

Университеттің бірнеше корпусын аралап көрдім. Студенттердің білім алуына жағдай жасалған. Тарихы терең университет заман ағымына сай дамып келеді. Бүгінде мұнда жеті факультет бар. Оқытушылар құрамы білікті мамандар, жоғары білімді профессорлармен жасақталған. Түлектерді жұмысқа орналастыру деңгейі – 82 пайызға тең. Бұл – жақсы көрсеткіш. Десек те, аталған бағыттағы жұмысты әлі де күшейту керек, - деді облыс әкімі Архимед Мұхамбетов.

Кездесуде ҚМУ-дың ректоры Х.Валиев оқу орнының жетістіктерін баяндап берді. Хұсаин Хасенұлының айтуынша, қазіргі таңда университетте бес мыңға жуық студент оқиды. Олар 57 мамандық



бойынша білім алуда. Университет былтырғы жылы мемлекеттік аттестациядан сүрінбей өтіп, жоғары оқу орындарының республикалық рейтингінде 7 орынға тұрақтады. Сонымен қатар «Жаңа үдемелі индустриялық-инновациялық даму» мемлекеттік бағдарламасы мен «Серпін-2050» «Мәңгілік ел жастары – индустрияға!» әлеуметтік жобасына белсенді қатысуда.

Ахмет Байтұрсынов атындағы ҚМУ – солтүстік аймақтағы үздік оқу орны. Мұнда Қазақстанның түпкір-түпкірінен келген жастар білім алып жатыр. Университет жыл сайын агроөнеркәсіп, машина құрастыру салаларына қажетті мамандар даярлайды. Осылайша, жүздеген жас өрендер облыстың экономикасының дамуына үлес қосуда.

Бүгінгі күннің талабы – білімді ұрпақ тәрбиелеу. Бұл тұрғыда университеттің жетістіктері көңіл қуантады. Оқу орнының тоғыз мамандығына үш тілде білім беру енгізілген. Оқу үлгерімі жақсы студенттерге Еуропа мен Ресейдің жоғары оқу орындарында білім алу мүмкіндігі беріледі.

Ресми баяндамадан соң кездесу сұрақ-жауап форматында жалғасты. Студенттер белсенділік танытып, облыс әкіміне әртүрлі сауалдарын қойды. Алғашқылардың бірі болып сөз алған профессор С. Жиентаев Қостанайда өндірілетін өнімдерді алыс-жақын шетелдерге жеткізу, экспорт көлемін ұлғайту

туралы білгісі келетінін айтты.

- Ауыл шаруашылығы саласындағы басымдықтардың бірі дайын өнімдерді көбейту. Осы мақсатта «Индустриалдық-инновациялық даму» мемлекеттік бағдарламасы аясында жұмыстар жасалуда. Ең маңыздысы, бәсекеге қабілетті сапалы өнім шығару. 2016 жылдың көрсеткіші бойынша, экспорт көлемінің өскені байқалады. Әсіресе сүт өнімдері. Биыл «Милх» кәсіпорнының өнімдерін экспорттау ұлғайды. «Баян сұлу» фабрикасының тәттілері де көрші елдерде сұранысқа ие. Өз басым бұл жетістіктерді аз деп есептеймін. «3 желания» майонезін өндіретін зауыт Қостанай облысының аумағында сұйық май зауытын салғысы келеді. Бірлескен жобаның арқасында өңірде майлы дақылдардың көлемін арттыруға ниет бар.

Облыста бірнеше құс фабрикалары бар. Олардың кейбіреуі кеңес үкіметі кезінде салынған. Ескірген нысандар жаңғырту жұмыстарынан өтіп, заманауи құрылыстармен жабдықталды. Бірақ, бізге құс етін өндірумен айналысатын фабрикалар жетіспейді. Отандық тауарлар ішкі және сыртқы нарыққа сұранысқа сай, бәсекеге төтеп беретіндей болуы керек, - деді облыс әкімі.

Журналистика мамандығының 2-курс студенті Екатерина Кисяева Қостанай облысында сұранысқа ие мамандықтар туралы сұрады. Студент жоғары жалақы төленетін саланы білгісі келетінін де жасырмады.

- Облыс – аграрлы аймақ. Бізде агроном, зоотехник, инженерлер көп. Бұл заңдылық. Алтыншы жыл қатарынан машина құрастыру саласы дамуда. Осы салаға қажетті мамандардың жетпей жатқанын байқаймыз. «СарыарқаАвтоПром» ЖШС, «АгромашХолдинг» АҚ сияқты ірі компанияларға кадр керек деп батыл айта аламын. Өйткені, жыл сайын көліктің жаңа түрлерін құрастырамыз. Құрылысшылар, архитекторлар да тапшы. Электрші, дәнекерлеуші сынды кәсіп иелері кез келген уақытта қажет. Негізі, қоғамға барлық мамандық пайдалы.

Жоғары еңбекақыны «ССКӨБ» АҚ-ның қызметкерлері алады. Таран ауданы, Рудный қаласының жұмысшыларының жалақылары жақсы. Өйткені, сол жерлерде ірі өнеркәсіп орындары орналасқан. Сіздерге жалақысы жоғары жұмысты іздеудің қажеті жоқ. Жаныңызға жақын, табиғатыңызға сай мамандықты таңдаңыздар.

Мамандығыңызды жан-дүниеңізбен жақсы көріңіздер. Өз ісіне адал адам ғана табысқа жетеді, - деді өңір басшысы.

Аграрлық-биологиялық факультетінің 3-курс студенті Ботагөз Аманжол: «Жақын арада атақты мерген Кейкі батырдың бас сүйегі елге қайтарылды дегенді естігенде қатты қуандым. Бұған байланысты облысымызда қандай іс-шаралар өткізіледі?» деді.

- Кейкі батырдың бас сүйегі елімізге оралды. Сүйінші хабарды БАҚ құралдарынан естігін шығарсыз. Бас сүйек қазір мұражайда уақытша

сақталып отыр. Аталған жұмысқа үкімет таппаы аса көңіл бөліп, облыстық әкімдік өз бақылауына алды. Келесі жылдың мамыр айында Кейкі батырдың денесін іздеу басталады. Қазір ауыл ақсақалдары мен тарихшылардан дерек-дәйектер жинап, Аманкелді ауданындағы үш жерді белгілеп отыры-



мыз. Қолдағы мәліметтерге сай зерттеу жасаймыз. Қыс мезгілінде ауа райы қолайсыз. Мамыр айында су тасып, жер кепкен соң бірден іске кірісеміз. Денесі табылып жатса, генетикалық зерттеу жүргізіледі. Аманкелді ауданында Кейкінің ұрпақтары бар. Жоспарланған жұмыстар өз мезгілінде орындалса, қыркүйек айында жерлеу рәсіміне кірісеміз, - деді облыс әкімі А. Мұхамбетов.

Мерген Кейкі батырдың кесенесі осыдан 20 жыл бұрын Аманкелді ауданында, Арқалық қаласынан 65 шақырым жерде, тас жолдың бойында салынған. Оның қазіргі келбеті нашар. Облыс әкімінің айтуынша, сол жерде жаңа кесене бой көтермек. Қазіргі күні Алматы қаласындағы белгілі сәулетші Бек Ибраев жаңа кесененің эскизін дайындап жатыр. Жаңа жылға дейін кесененің бірнеше нұсқасы комиссияның назарына ұсынылады. Бекітілген нұсқа бойынша жобалық-сметалық құжаттар дайындалады. Наурыз айында кесененің құрылысы басталмақ.

Кездесуде ауыл жастарын қолдау, қала ішіндегі жолаушылар автобустарының қозғалыс уақытын бақылау туралы ұсыныстар айтылды. Сонымен қатар Қостанай облысы жастарының «Алтын кітабына», «Тобыл» футбол командасының болашағына қатысты сауалдар қойылды.

Қымбат ДОСЖАНОВА.

Суреттерде кездесу сәті бейнеленген.

Тәуелсіздік күні құтты болсын!

Даңғыл жолда дараланып келеміз

Жамал ШАУКЕН,
журналистика
мамандығының
2-курс студенті:



- Сан ғасырлар бойы халқымызға арман болған тәуелсіздігіміздің арайлы ақ таңы атқанына биыл 25 жыл болып отыр. Бұл біз үшін үлкен қуаныш. Осы жылдың ішінде егеменді еліміз өзінің дамуында Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың кемеңгер саясатымен бір ғасырға бергісіз жолды еңсеріп үлгерді.

Қиын күндер артта қалды. Бүгінде Қазақстан тәуелсіз мемлекет ретінде дүние жүзіндегі барлық елдерге танылды. Қазақ елінің аты әлемге мәшһүр болды. Жиырма бес жылда экономикада, саясатта, әлеуметтік дамуда көптеген жетістіктерге жеттік. Даңғыл жолда дараланып келеміз. Әлемдік аренада ойып тұрып орын алған елдердің бірі деп біздің елімізді, Қазақстан Республикасын мақтанышпен айта аламыз. Лайым, тәуелсіздігіміз ұзағынан болып, еліміз биік белестерден көріне берсін. Болашақта еліміздің дамуына мен де өз үлесімді қосамын.

Тәуелсіздік тұғыры берік болсын

Жангелді ШАУКЕНОВ,
философия
кафедрасының
доценті, тарих
ғылымдарының
кандидаты:



- 1986 жылғы Алматыдағы желтоқсан оқиғасы тәуелсіздікке бастар жолдың алғашқы қадамы болды. Осы жылы жастардың саяси санасы, қазақтың намысы оянды. Бұл оқиға ел есінде мәңгі қалды.

16 желтоқсан Қазақстанда жарқын елдің тарихында ең маңызды және жүрекке жақын қымбат күн. Ата-бабаларымыздың көп жылдар бойы аңсаған армандары орындалған күн. Бұл күн бізге күш береді, елім, жерім деген әрбір азаматтың бойына рухани жігер мен патриоттық сезім сыйлайды. Тәуелсіз ел болып, ата заңымызды қабылдап, шекарамызды бекіттік. Қазақстан Республикасы егеменді елге айналды. Шетелдер жаңа мемлекетті өз қатарына енгізді. Қазақ елін 25 жылдың ішінде әлем таныды. Бұл біз үшін ең қуанышты және мақтанышпен айтатын нәтиже. Сонымен қатар, еліміз әлеуметтік-экономикалық және саяси жолда бірнеше жетістіктерге қол жеткізді. Дамыған





елу елдің қатарына кірдік. Болашақта дамыған отыз елдің қатарына кіреміз деп сенемін.

2010 жылы Астанада ЕҚЫҰ, 2011 жылы ИҚҰ саммиті өтті. 2003 жылдан бастап әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съездері өткізіліп келе жатыр. Мұның бәрі өркениеті биік елдің көрінісі. Себебі, шағын және орта бизнесіміз дамып келеді. Соның арқасында халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайы жақсарды. Елімізде тыныштық орнап, халқымызда қоғамдық келісім болды. Осының арқасында, Қазақстан Республикасы болашақта өркендеген мемлекет қатарына кіреді. Мен қазақ елінің азаматы ретінде, қазақ елінің патриоты ретінде еліміздің болашағы жарқын боларына сенемін. Тәуелсіздік тұғыры берік болсын!



Бейбітшілік ұланымыз

**А я ж а н
БЕРДІБЕКҚЫЗЫ,
журналистика
мамандығының
1-курс студенті:**

Мен үшін еліміздің ең басты жетістігі – тәуелсіздігі. Қазақ елінің басына қонған бақыты да, осы егемендік. Азат ел атанғанымызға биыл жиырма бес жыл толып отыр. Аз уақыт емес. Мемлекетіміз бен халқымыз үшін


құнды мереке болмақ.

Еліміз жиырма бес жыл ішінде биік белестерді бағындырып, толағай табыстар мен жеңістерге қол жеткізді. Соның бәрін бағалай білу мына біздей жастардың қолында. Қазіргі таңда Қазақстан әлем сахнасында мақтанарлықтай үлкен беделге ие. Мен тәуелсіз елдің ұрпағы ретінде мұның бәрін мақтанышпен айта аламын. Басқа мемлекеттерден тәуелсіз еліміздің ерекшелігі көптеген ұлт өкілдерінің

ауызбіршілікте өмір сүруінде. Ұлттар достығы біздің елде ғана ең жоғары деңгейде. Бүгінгі бейбіт елдің шуақты күндерін бағалай білу жас буынның парызы деп білемін.

Елдік баянды болғай

**А н а р
БАРСАҚБАЕВА,
Г ә ф
д е к а н ы н ы ң
тәрбие жұмысы
жөніндегі орын-
басары:**



А з а т т ы қ – кез келген елдің арманы. 1991 жылғы 16 желтоқсаны күні Қазақстан өз тәуелсіздігін жариялады. Бұл – еліміздің тарихындағы аса ірі маңызы бар оқиға болып табылады. Биыл, міне, еліміздің егемен елдердің қатарына қосылғаннан бері 25 жыл өтті. Осы жылдар аралығында Қазақстан өз мемлекеттігін құрудың жолына түсті; мемлекеттік нышандар, Конституция мен Заңдар қабылданды; ұлтық валюта қолданысқа енгізілді; саяси және экономикалық реформалар жүргізілді; көптеген жұмыс атқарылды; ал соның ішінде тәуелсіздіктің бейбіт және шуақты күндері бәрінен де биік тұрады.

Отанымыз Қазақстанымыз туралы айтарымыз да, мақтанарымыз да көп.

Дербес болуға бағыт алған егемен еліміз – Қазақстанды көркейтіп, абыройын асыру үшін білім мен білік жолын таңдаған жас ұрпақ жұмыла еңбек ету қажет. Бірлік пен қажырлы еңбектің арқасында еліміздің қуанышы еселене түседі. Халқымыздың арманы, елдігі баянды болсын.

Жүлде алған жоба

2016 жылдың 21-қазанында Қостанайдағы Жастар бастамаларын қолдау орталығы және дін істері мен азаматтық қоғам жөніндегі министрліктің мемлекеттік гранты аясында жүзеге асып жатқан, облыстық азаматтық форумның «Әлеуметтік идеялар мен жобалардың жәрмеңкесі» байқауы өтті.

Байқау жылдағыдай үш кезеңнен тұрды.



Жәрмеңкеде қоғамдағы әлеуметтік проблемаларды шешуге арналған түрлі идеялар мен жобалар ұсынылды. Студенттер мен олардың жетекшілері көкейде жүрген мәселелерін әр алуан жобалар арқылы жүзеге асыруды мақсат тұтқан. Байқаудың соңында әлеуметке пайдалы, ұтымды идеялардың авторлары шағын гранттарға ие болды. Солардың бірі біздің университетіміздің студенті – Жанболат Кенжеғұлдың ұсынған жобасы. Жанболат гуманитарлық-әлеуметтік факультетіндегі журналистика мамандығының 4-курсында оқиды. Ол «Мәңгілік ел. Біртұтас мәдени кеңістік» номинациясы бойынша үздіктер қатарынан көрініп, жалпы құны 70 000 теңге болатын шағын грантты ұтып алды. Жанболат оқуға түскен күннен бастап өзін белсенді студент ретінде көрсетіп келеді. Осыған дейін де бірнеше байқауларда жүлделі орындар алған еді.

Студенттің жетістігі тікелей жетекшісіне де байланысты. Жанболаттың идеясын әрі қарай дамытуға үлес қосып, бағыт-бағдар берген – журналистика кафедрасының оқытушысы Саян Тельманқызы. Ұстаз бен шәкірті екеуі бірлесіп жасаған жобаның мақсаты: тарихи өлкенің рухани құндылығын сақтау және салыстыру. Идея авторының айтуы бойынша, осы жоба арқылы тарихи өлке, Торғай жеріне барып,



аймақтағы мәдени жерлерді жастарға аралату. Туған өлкеге саяхат арқылы жастардың рухани, тарихи, мәдени құндылықтарын арттыру.

Дәстүрлі жастар мәселелерін шешудің мазмұны мен тәрбие тәсілдері түбегейлі өзгеріске ұшырауда. Қазақстандық жас буынның бойында отаншылдық, іскерлік, жауапкершілік қасиеттерін қалыптастырмай, жастардың рухани өркендеуіне, аға буынның әлеуметтік-мәдени тәжірибесін, әлем өркениеті жетістіктерін игеруіне жол ашпай, әлеуметтік ұстанымдағы экономикасы бар демократиялық қоғам құру мүмкін емес.

Мұндай мақсаттарды жүзеге асыру жастарға, жалпы қоғамға қатысты саясатты қалыптастыру мен жүзеге асыру ісіне жастардың өздерін белсенді түрде тартуды көздейді. Мемлекет жастарға, олардың материалдық деңгейі мен әлеуметтік жағдайына қарамастан, өмір жолын таңдау мен жеке жетістіктерге жету үшін мейлінше мол мүмкіндіктер ашуда.

Бұл жобаның да жастар бойына өршіл рух пен өнегелі тәрбие қалыптастыратынына сеніміміз мол.

**Жұлдыз ТАНАТҚАНҚЫЗЫ,
ГӘФ журналистика мамандығының
3-курс студенті.**

Суреттерде: студенттер жоба аясында Бейімбет Майлиннің туған жеріне барды.



Дарынымен дараланған өрендер



Студенттік шақ – адам өміріндегі ең керемет есте сақталар кезең. Ол тек дәріс тыңдап, семинарға қатысып, кітапханаға барумен шектелмейді. Студенттің өмірі жан-жақты болса, оның өсуі, өзін-өзі дамытуы да жеделдей түседі.

Біздің университетімізде студенттердің өз талантын ашуына барынша мүмкіндік жасалған. Ән салып, би билеп, домбыра тартып, тіпті актерлік шеберлігіңді шыңдауға болады. Осының бәрін іске асыруға университеттің «Өнер студиясы» көмектеседі. Студияда вокал, хореография, домбыра кластары, ақындық өнерді дамытуға, көсемсөз оқу шеберлігін шыңдауға үйрететін үйірмелер бар. Студияның басшысы – Қазақстанның халық ақыны Әсия Әйіпқызы Беркенова.

Студияда студенттердің табиғи таланттары шыңдалып, ашылады. Шығармашыл жастар бірлесе вокалдық топ, би тобын құрады. Ұлттық өнерге жақын өрендер домбырашылар ансамблінің құрамына алынады. Осылайша, әр қайсысы бос уақыттарында студияға барып дайындалады. Вокал сыныбының студенттері мерекелер сайын университеттегі концерттерге тұрақты түрде қатысады. Олар үнемі ізденіс үстінде, шеберліктерін шыңдап, әртүрлі жарыстарда жүлдегер атанып жүр.

Талантты жігіттерден құралған топтың бірі – «Дарын» деп аталады. Бұл топ Әсия Беркенованың бастамасымен құрылып, күні бүгінге дейін жұмыс істеп келеді. Топтың құрамы әр төрт жыл сайын ауысып, жаңарып отырады. Университетімізге оқуға түскен әнші жастардың мықтылары осы топқа алынды. Топтың қазіргі жетекшісі – Айдана Өміржан. Соңғы құрамда Ерсұлтан, Нұрбек, Олжас есімді жігіттер өнер көрсетіп жүр.

Ерсұлтан Жақсыбай – гуманитарлық әлеуметтік

факультетінің 3-курс студенті. Ол 1-курста оқып жүрген кезінде топтың сол кездегі жетекшісі Самат Ыбыраевтың шақыруымен келген. Ерсұлтан оқушы кезінен дәстүрлі әндерді орындағанды ұнатады. Бүгінде «Өнер» студиясының «Қазына» домбырашылар ансамблінің құрамында ұлттық аспапта шебер ойнайды.

Нұрбек Темірбеков – экономикалық факультеттің 3-курс студенті. Нұрбек бірінші курстан бастап студиядағы оқытушылардың көзіне түскен. Әсия апайдың ұсынысымен осы топқа қабылданады. Ол да бала кезінен, 6 жасынан бастап ән айтады.

Олжас Рауыл – ақпараттық технологиялар факультетінің 3-курс студенті. Олжас алғаш университетке келген жылы «МИСТЕР Фит» жігіттер байқауына қатысып, өз ортасынан ерекшелене түседі. Топқа қабылданғанға дейін ән айтып жүрген. Оның айтуынша, әншілік өнер әкесі мен әжесінен дарыған. Олжас вокалдан басқа «Жайдарман» ойындарына қатысып, көркемсөз оқиды.

Университетіміздегі барлық мерекелік кештер мен іс-шаралар "Дарын тобының" қатысуымен өтеді.



Олар эстрадалық жанр мен дәстүрлі бағыттағы әндерді қатар орындайды. Келесі жылы топтың "Бенефис шоу" концерті өтпек. Қазір олар осы концертке қызу дайындық үстінде. Тіпті мерекелік шараға арнайы костюмдер тіктіруде.

**Перизат ОНАЙБЕК,
ГӘФ журналистика мамандығының
2-курс студенті.**

Суретте: «Дарын» тобы Қазақстанның халық ақыны, «Өнер» студиясының жетекшісі Ә.Беркеновамен бірге.

Талаптыға нұр жауар

Жыл бойы талаптанып, жақсы оқыған студенттерге университетімізде әртүрлі жеңілдіктер жасалады. Жастарды ынталандыру мақсатында арнайы шәкіртақылар тағайындалады. Биыл да Ахан атындағы қара шаңырақта Президенттік шәкіртақы иеленген үлгілі студенттердің қатары толықты. Солардың бірі аграрлық-биологиялық факультеті, 5B072700 - азық-түлік технологиясы мамандығының 3-курс студенті – Ботагөз Аманжол.

Ботагөздің бұл жетістігінің артында қаншама еңбек, талпыныс жатыр десеңізші. Президент шәкіртақысы оқуда озат, жан-жақты, университеттің қоғамдық-мәдени іс-шараларына белсенді араласатын студенттерге тағайындалады. Аталған қасиеттер Ботагөздің бойынан табылды. Үлгілі студент Ботагөз аграрлық-биологиялық факультетінің аға оқытушысы, техникалық ғылымдардың кандидаты, эдвайзері Зәмзәгүл Қорғанбекқызының бағыт-бағдар беруімен ғылыми жұмыстар байқауларына қатысады. 2015 жылы Астана қаласында өткен «ZIAT» Ғылыми-әдістемелік орталығы ұйымдастырған V Республикалық «Ғылым шарайнасы» атты студенттер сайысында «Жас зияткер» номинациясы бойынша II-орын алады. Ресейде өтетін Халықаралық жастар ғылыми жұмыстарының «Молодежь в науке: новые аргументы» байқауына «Разработка технологии мясных продуктов с использованием белковых препаратов чечевицы» атты жобасымен қытысып, II-орынды иеленеді. Талапты жас бұнымен тоқтап қалмақ емес, алдағы уақытта да осындай байқауларға ғылыми жұмыстарын тапсырып, жүлделі орындарды алатындығына сенімі мол.

Ботагөз ғылыммен қоса университеттің қоғамдық жұмыстарына да белсенді араласады. Оқу орнындағы «Ахмет ұрпақтары» зияткерлік пікірсайыс клубының белді мүшесі, 2015-2016 жылдар аралығындағы үйлестірушісі. Бұл ортада да жеткен жетістіктері баршылық. 2014-2015 оқу жылында клубтың жыл қорытындысы бойынша «Жыл дебюті» атанады. Факультетаралық «Жас буын» ішкі пікірсайыс турнирінде 2014 жылы I орын жеңімпазы атанса, 2015 жылы II орынды иеленеді. Сол жылдың 12-14 қазан аралығында өткен «Мәңгілік ел жастары» атты ішкі турнирде де жүлделі III орын иегері атанады. 2016 жылдың 22-24 қаңтар аралығында өткен «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 25 жыл» атты университетімізде жыл сайын ұйымдастырылатын дәстүрлі «ҚМУ CUP-10» халықаралық пікірсайыс

турнирін өткізуде белсене атсалысып «Үздік ұйымдастырушы» номинациясын иеленеді.

Талапкердің қуанышына орай, университет тарапынан құрылған арнайы комиссия студенттің осындай жетістіктерін ескере келе, Ботагөзді Президенттік шәкіртақы иегері атануға лайық деп шешті. Университет белсендісі бізге берген сұхбатында бұл қуанышымен бөлісті.

– Қуанышты жаңалықты естігенде қандай көңіл-күйде болдыңыз? Іріктеуден өтетініңізге сендіңіз бе, әлде күмән болды ма?

– Рахмет! Мен шәкіртақыға үміткер ретінде құжаттарымды 2-курста тапсырдым. Сол кезде қобалжығаным рас. Көптеген жетістіктерім болғандықтан сенім де болды. Ең бастысы, бір жақсылықтан үміттендім. Қуанышты хабарды естіген кезде қатты қуандым. Төбем көкке бір-ақ елі жетпей қалғандай болды. Анама хабарласып, бұл жаңалықты жеткіздім. Анам да риза. Мені құттықтап, «Жарайсың, алтын-ным, ботам» деп мені мақтап қойды.

– Алдағы жоспарыңыз қандай? Қандай белестерді бағындырғыңыз келеді?

– Болашақта магистратураға түсіп, мамандығым бойынша оқуымды жалғастырамын келеді. Осы оқу орнында оқытушы болып қалсам тамаша емес пе! Менің ішкі дүниемде де мұғалім мамандығына тән қасиеттер бар деп ойлаймын. Тағы бір арманым – университет ішінде белсенді жастарды біріктіретін клуб ашу. Бізде белсенділер өте көп. Кейбіреулерінің дебатқа деген құлшынысы болса, басқалары интеллектуалдық ойындарға қызығады. Сол екеуін біріктіріп, әмбебап клуб құрғым келеді. Сол кезде пікірсайысшы кез келген тақырыпта ойын ашық жеткізіп, интеллектуалдық пікірсайыс ойынын көрсете алмақ.

– Ақылы оқып жатқан студенттерге қандай кеңес бересіз?

– Әр адам өзінің таңдаған мамандығын жақсы көруі керек. Қызығушылығы болғаны дұрыс. Егер мамандығыңды сүйіп таңдасаң, оқудың қиындығына көнесің, оны жеңесің. Жақсы оқып, мамандықты меңгеру үшін алдыңа мақсат қоясың. Адам шынымен қаласа кез келген нәрсеге қол жеткізе алады. Оқуға деген ынтасы мен талпынысы болу керек.

**Тұмарым БАБАСАНОВА,
ГӘФ журналистика мамандығының
2-курс студенті.**





Белсенді,
еңбекқор, жігерлі

Аты-жөні:

Қосылбаев Дархан Аскерұлы.

Туған күні, айы, жылы:

16 қыркүйек 1997 жыл.

Мамандығы: Инженерлік – техникалық факультеті, көлік, көліктік техника және технология мамандығының 2 – курс студенті.

Өмірлік ұстанымы:

Өзіңе сен, өзіңді алып шығар,
Еңбегің мен ақылың екі жақтап.

Үлгі тұтатын тұлғасы: Атасы – Қосылбаев Аскер Ғайзрахманұлы.

Хоббиі: Break dance.

Жетістіктері: Арқалық қаласындағы түрлі іс – шаралар мен қалалық математика пәнінен өткен олимпиадалардың жүлделі орын иегері. Шахмат ойындарының екі дүркін жеңімпазы. Арқалық қаласының әскери бағыттағы «Батыр» атты ұйымының мүшесі. 2013 – 2014 жылдар арасында қалааралық әскери саптық жүріс пен командалық спорттық іс – шаралардың жеңімпазы. Университет қабырғасында да қоғамдық іс – шараларға белсене қатысып, биылғы жылы өткен «КГУ МАН – 2016» атты сайысында «Мистер спорт» номинациясының иегері болды. Қостанай қаласындағы түрлі іс – шаралардың қатысушылары болған «black eagle» шығармашылық тобының мүшесі. «Қысқы бал» байқауына қатысып, жоғары нәтиже көрсетті.

Көпшілік пікірі: Дархан өте қарапайым және еңбекқор адам. Әрқашан достарына, жақындарына көмек қолын созуға дайын тұратын жан.

Медиа ресурстарын жіктеу



Бұқаралық ақпарат құралдарының көпшілігі дәстүрлі болып келеді. Бұл әр мемлекетте өзіндік ерекшеліктерімен танымал. Сондықтан, осыған сәйкес бірынғай әлемдік стандарттың жоқтығы білінеді. Технологиялар дамуының осы кезеңінде медианың жіктелуі аздап өзгерді. ТМД елдерінде БАҚ-ын баспа, телерадиохабар, сандық БАҚ және ақпараттық агенттіктер жеке түр ретінде қалыптаса бастады.

2012 жылдың «ҚР Бұқаралық ақпараттар құралдары туралы» заңындағы өзгертулерге сәйкес интернет және дәстүрлі БАҚ жауапкершіліктері теңестірілді. Осыған орай, енді жаңалықтар қоры, блогтар және онлайн-платформалар да медиа жіктелуіне кіреді. Қазақстанда БАҚ-тың ресми жіктеу жүйесі жоқ. Осындай жіктелудің ресми түрін жасау қажеттілігі туып отыр. Олар түрлеріне, параметрлеріне, тақырыбына бөлінуі керек.

Осымен қатар, БАҚ-ты мемлекеттік және оппозициялық деп бөлуге болады. 2012 жылдың 25 маусымының жағдайына байланысты Қазақстанда 2765 БАҚ жұмыс істеуде, оның 439-ы мемлекеттік, ал 2326-ы мемлекеттік емес болып келеді.

Соңғы жылдары Қазақстанда медиа секторының түбегейлі өзгерістері жүргізілді, оның нәтижесі болып қазіргі кезеңде БАҚ-тың 80%-ы мемлекеттік емес болды. Либерализация мен нарықтық реформалар ақпарат құралдарының сандық және сапалық өсуіне әкелді. Даму барысы бойынша Қазақстан БАҚ-ы Орталық Азия мен Кавказ елдерінің көбісін озып келеді.

БАҚ-тың ҚР-дағы жіктелуіне қарап ең бастысын айтуға болады – жіктелудің классикалық жүйесі бар. Ол барлық ақпарат құралдары түрлерінің, шығуы мен форматына, рәсімдеуі мен сипаттарына қарай бөлінуін құрайды. Алайда, бұдан қарағанда белсенді деп екі басқа, өзара байланысты, жіктелуді айтуға болады – қатыстылық принципті және мемлекеттік құрылымға бағдары бар. Соңғы айтылған түрі кең таралғаны болып саналады және оған деген бағдарлау қарым-қатынастың барлық деңгейлерінде өтеді. Алайда, айтып кетер жөйт, бұл тәсіл БАҚ-тың әр түріне қатысты объективсіздікті көрсетеді.

Одан гөрі тиімдісі батыстың медиалдылықтың теоретигі ұсынған жіктеу түрі болып келеді. Канадалық

филолог Маршал Маклюэннің сөзі бойынша, баспа станогын ойлап тапқанның алдында әлем суық болған, адамзат тайпалық өмір салтын құрған. Ал баспадан кейін адам тайпалық тіршілік иесінен типографиялық тұлғаға айналды.

Маклюэннің ойынша болған өзгерістер төрт сатыдан тұрады. Суық біркелкі өмір, өркениетті адамды жасау, қоғамның бірдей құқықтылығы, мәдениет жағынан дамыған қоғам. Маклюэннің тағы бір ойы бойынша барлық медиаларды ыстық және суық медиа деп бөлуге болады. Ыстық медиа деп ол – бір сезімді максималды күшейтіп, ең жоғары шегіне дейін жеткізуін айтады. Оның құрамы толықтай ақпараттан тұрады. Бұндай медиалар аудиторияның үлесін толықтай немесе мүмкіндігінше азайтады. Мысалға – радио, кино, теледидар.

Суық медиа – оқырманға тек қана форманы беріп, оның толықтай немесе мүмкіндігінше қатысуын талап етеді. Мысалға кітаптар. Олар оқырманнан өте көп назарын аударады және қосымша қиялының болғанын сұрайды. Маршал Маклюэннің осы жіктеуі барлық медиаларды бөліп қандай кластарға жататынын анықтауға көмек береді және олардың бірегейлігін анықтауына үлесін қосады.

Бірегейлік дегеніміз (идентичность) – адамның өзін-өзі қандай да бір қоғамдық топтарға қосуын айтады. Олар қоғамдық, экономикалық, ұлттық, кәсіптік, тілдік, саясаттық, діндік, нәсілдік және тағы да басқа болуы мүмкін.

Кейбір зерттеушілер бірегейлікті табиғи және жасанды деп бөледі. Табиғи тумысына қарай адамның нәсілдік, халықтық, жергілікті және т.б болады. Ал жасанды бірегейлік кәсіптік, келісімді, конфессионалды, класты және т.б болуы мүмкін. Бірақ кейбір бірегейліктер аралас болып келеді, мысалы жынысты.

Адам, әлеуметті жан болғандықтан бір ғана қоғамдық ортада бола алмайды. Ол әрдайым өзінің қоғамдағы орнын, көз қарастарын, өмірге деген ойын өзгертіп отырады. Ал оған осы тандауларында аз немесе көп мөлшерде медиа кеңістік көмек береді.

Арай ОЛЖАБАЙҰЛЫ,
Абылай хан атындағы ҚазХҚ және
ӘТУ магистранты.



Пікірсайыс клубы

«Ахмет ұрпақтары» пікірсайыс клубы 2007 жылы университеттің белсенді студенттерінің бастама-сымен құрылды. Клубтың құрылғанына ұзақ уақыт болмаса да оның мүшелерінің ұйымдастыруымен қомақты жұмыстар атқарылды. «Ахмет ұрпақтары» пікірсайыс клубы - жастар арасында көшбасшылық қабілеті мен шешендік өнерді дамытатын еркін қоғамдық ұйым.

Пікірсайыс клубының мақсаты – жастардың са-насына патриоттық сезімді және жауапкершілікті ұялату, студенттердің бастамалары мен идеяларын жан-жақты қолдау. Қазіргі таңда «Ахмет ұрпақтары» облысымыздағы тәжірибелі пікірсайыс клубтарының бірі болып отыр.

Клубта 2007 жылдан бастап әр жыл сайын А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің ректорының кубогына арналған тур-нир өтеді. Көптеген жылдар бұл турнир халықаралық және республикалық мәртебеге ие болды. Сондықтан ҚМУ Ректорының кубогі турниріне еліміздің ең мықты деген пікірсайыс командалары қатысады. Клубтың брендiне айналған атақты «ҚМУ CUP» турнирі ең алғаш рет 2006 жылы өткен.

Клубтың негізін салған және алғашқы президенті заң факультетінің студенті Жанболат Абилов. Клубтың президенті әр жыл сайын ауысып оты-рады. Биылғы 2016-2017 жылғы президенті

гуманитарлық әлеуметтік факультетінің журналистика мамандығының 3-курс студенті Ақыл Асқарова. Пікір сайыс клубының алғашқы құрылған жылдары тек орыс лигасы болған, кейіннен жастардың сұрауымен қазақ лигасы ашылды.

Оқу жылының басынан бері «Ахмет ұрпақтары» клубы турнирлерге қатысып қана қоймай, бірқатар жетістіктерге жеткен. Атап айтсақ, Рудный қаласында өткен «Мәңгілік ел» облыстық ашық турнирінен Сым-бат Манатова пен Назира Асан 1 орынды иеленсе, «Тәуелсіздіктің 25 жылдығына» арналған ҚМПИ ку-богында «Тікелей эфир» командасы, яғни, Оразхан Зейнолла мен Сүлеймен Жұман 2 орынды иеленді.

-Биыл «Ахмет ұрпақтары» пікірсайыс клубы 9 жылдық мерекесін тойлады. Биылғы жас бу-ындар былтырғыға қарағанда саны жағынан аз болғанымен, сапасы жағынан әлдеқайда жоғарырақ деңгейде. Болашақта Қостанай облысының шаш-бауын көтеретін мықты пікірсайысшылары болары анық. Алдағы уақытта Қазақстандағы бәсекелес клубтарымыздың алдын орап, алдыңғы үштікке кірсек, бұл жыл біз үшін ғажайып жыл болмақ» - дейді клубтың белді мүшесі Нұрислам Жұмакенов.

Перизат ОНАЙБЕК,
ГӘФ журналистика мамандығының
2-курс студенті.

«Мерей» грантының иегері атанды



Университетіміздегі үлгілі, белсенді студенттердің бірі – **Әлібек Құлмағанбетов**. Ол ақпараттық технологиялар факультетінің 2-курс студенті. Әлібек Арқалық қаласында 1997 жылы дүниеге келген. Қазіргі таңда университетімізде «Ахмет ұрпақтары» пікірсайыс клубының белді мүшесі. Әлібектің оқу үлгерімі жақсы. Қоғамдық іс-шараларға үнемі атсалысып жүреді. Спорттық сайыстарға да қатысады. Белсенділігінің арқасында биылғы жылы университетіміздің «Мерей» грантын иеленді. Сонымен қатар оқу орнында биыл жаңадан ашылған әскери кафедраның грантын алды.

- Әлібек, «Мерей» гранттың жеңіп алудың өзіндік шарттары бар. Сол туралы тарқатып айтып берсең.

- Ең бірінші сабақты жақсы оқыдым. Одан кейінгі қойылатын талап университеттегі болып жатқан әр түрлі іс-шараларға белсене қатысу. Мен қолымнан келгенше жан-жақты болуға тырыстым. «Ахмет ұрпақтары» пікірсайыс клубының мүшесімін. Бірнеше облыстық, республикалық турнирлерге қатысып, шеберлігімді арттырдым.

Адам өзін өзі тәрбиелейді. Әрқашан ізденісте жүрсең ғана дамисың. Көп оқысаң, адамдармен тығыз аралассаң дүниетанымың да кеңейеді.

- Оқушы кезінде оқу үлгерімің қандай болды?

- Мен 3-сыныпқа дейін Арқалық қаласында бастауыш мектеп гимназиясында оқыдым. Одан соң Аманкелді ауданындағы Ы.Алтынсарин атындағы орта мектепке ауыстым. Сол сәттен бастап аудандық және облыстық дәрежедегі іс-шараларға қатысып, жетістіктерге жеттім. Облыстық шығарма жазу жарыстарына, ғылыми жоба сайыстарынан жүлделі орындар алдым. Мектептегі өзін-өзі басқару ұйымының президенті де болдым. 8-сыныптан кейін Алматы қаласындағы Нұрсұлтан Назарбаев білім беру қоры «Арыстан» әскери лицейіне оқуға түстім. Әскери лицейді де үздік аяқтап, Қостанай қаласына келдім.

Себебі, мұнда менің ата-анам тұрады. Басқа қалада жүргенде өскен ортанды, жақындарыңды сағынасың. Балаға ата-анада, туған жерден қымбат ештеңе жоқ.

Жетістікке жету үшін еңбектену керек. Жігер мен қайтпас қайсарлықтың болғаны да абзал. Мен еңбегімнің арқасында биылғы жылы университетімізде ашылған әскери кафедрға грантқа түстім. «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деген мақал-мәтел бар емес пе! Жеңіске жетудің басты жолы, сол еңбек.

- Бос уақытыңды қалай өткізесің?

- Уақытты босқа өткізбеуге тырысамын. Сабақтан шыққан соң пікірсайыс клубына барамын. Одан қалды спортпен айналысқанды ұнатамын. Адам өзінің сүйікті ісімен айналысса уақыттың қалай өтіп кеткенін білмей



қалады.

- Үлгі тұтатын жақын адамдарың бар ма?

- Үлгі тұтатын жақыным – әкем. Әр балаға әкесі үлгі деп ойлаймын. Ол заңдылық. Менің әкемнің өмірлік ұстанымдары, адал еңбекпен жеткен жетістіктері, марапаттары мен үшін үлгі. Әкем қызметінде абыройлы азамат атану үшін көп еңбектенді. Сол кісідей болғым келеді және әр ісім арқылы әкемді қуантқым келеді.

- Болашақта алдыңа қойған мақсатың қандай? Арманың бар ма?

- «Армансыз адам – қанатсыз құспен тең», - деп айтатымыз ғой. Әбден таптаурын болған, жаттанды тіркес. Десек те, қаншама уақыт өтсе де мәнін жоймаған сөз. Арман көп. Сол арманға жету үшін алдыма бірнеше мақсаттар қойдым. Мақсат адамды алға қарай жетелейтін ғажайып күш, тәтті сезім. Мақсаты жоқ адамның өмірі дәмсіз, сүреңсіздей көрінеді. Менің мақсатым – қоғамға пайдасы тиетін азамат болу.

**Гүлім САҒЫДАТҚЫЗЫ,
ГӘФ журналистика мамандығының
2-курс студенті.**



...Қыз балаға күлегештік жат қылық. «Күлегештік – қыздың соры» деген бұрынғылар. Сен жайқалып тұрған гүлсің. Гүлді жұлып алып, иіскеуге құмарлар көп. Бірақ, жұпарыңмен тұшынған соң лақтыра салады. Нәрлі топырағынан тамырын кеспей алып, махаббатпен күтетін жанға ғана жұпарыңды арнап, сұлулығыңмен сүйсіндіруге тиістісің.

көрінген жерге лақтырмай, кез келген құстың ұясына туып кетеді. Саналы адам нәжіске өз ішінен шыққан шарананы тастап кетуі – көкектің кесірлігінен де асып түсті.

Жаратушының құдіретінен күшті ештеңе жоқ қой. Көрер жарығы бар нәресте сондай қатыгездіктің құрсауынан да аман қалды, әйтеуір. Осы оқиғаның жанға салған ызғары басылмай жатып, бұдан да сорақы сұмдыққа жас қыздың барғаны жаға ұстатты. Оқушы қыздың құрсағынан жаңа шыққан сәбиді елу жастағы анасы көліктен тас жолдың үстіне лақтыра салған. Бейкүнә шақалақ жарық дүниеге көзін ашып та үлгермеген шығар-ау. Жаратушының өмірімен дүниеге келуі бұйырғанымен, жанары жарықты көрмей жатып, туған шешенің жауыздығынан құрбан болды. Әрине, бұл сұмдық оқиғаларды құзырлы органдар тергеп, қадағалауда. Аң екеш аң да төліне жасамас асқан қанішерлік қарекетті адамның істегені жанға батады. Сондай жауыздықты істеген әйелді Ана деген ардақты атпен атауға ауыз бармайды.

Расында да, қыздардың тәрбиесі өте өзекті тақырып. Қыз намысы үшін кезінде бүтін ел қырқысып, түгел ел табысқан да жағдайлар болған. *«Қыздарым! Сендерге айтарым: Жандарыңда жүрген жігітті ақылмен,*

Құрбыларға наз

Сен жақұтсың. Ебін тауып, ұрлауға құлшынатын сұғанақтар көп. Бірақ, олар пайдасына асырып, дүние құрлы көрмейді. Қадіріңді шын ұғатын, жат сұғанақтардан қорғайтын жанға ғана лайық бол! Дәл осылай деген әжемнің сөзі қаншама жылдар өтсе де құлағымда сол қалпында қалыпты. Ол кезде бала едік. Әрнеге қызығып, ойын көріп, күлеберетінбіз. Сірә, жасымыз бес-алтылар шамасы болар. Балалықпен бірдеңе бүлдірген былай тұрсын, сәл артығырақ күлсек, әжеміз тыйып тастайтын. Ол кезде әже деген ең дәмдісін басқадан тығып, немересіне сақтайтын өте мейірімді, ал қабағы қатуланса қабағымен-ақ ықтыратын заңғарлар еді ғой. Тіпті, туған анамыздан да бетер ең жақын сырласымыз да әжелер болатын. Бірер күнге жол жүріп кетсе, зарыға күтетінбіз. Ерекше мейіріммен еркелете отырып, өлімнен де ұят күшті екенің, ақшадан ар биіктігін бойымызға сіңірген еді. Мүмкін, сондай әжелердің тым сирегенінен шығар, анаың тар құрсағын жарып шыққан нәрестесіне қатыгездік көрсететінді көзбен көретін жағдайға жеттік. Жаңа туған нәрестесін жол бойындағы әжетханаға тастап кеткен жас келіншектің қатыгездігін естіп, шошындық. Көрінген ұяға жұмыртқалап, жөніне ұшып кететін көкек құстан да асқан қатыгездікке адам баласы барды.

Жаратылыста жаны барлардың ішіндегі ең биігі адам. Ал, санасы жоқ жануарлардың ішіндегі ең сорақы әдеті бар көкек құстың өзі жұмыртқасын



өдептілікпен, сыпайы мінезбен, сүйкімді назбен тізгіндей біліңдер. Жігіттің жұлқынған асау жүрегін адамгершілік асыл қасиеттермен бұйдалаңдар, арақ ішкізбеңдер. Айқайға жуытпаңдар. Ақыл анадан тарайды. Қыздан қылық, тәрбие, тәлім туындайды. Жігіт жаныңда жүрсө жолдасың, жауға шапса жолбарысың, ортада жүрсө орманың, шетке шықса қорғаның. Бірақ, оларды жұрт көзінше сүйісіп, сүйкеніп тұруға үйретпеңдер! Оларды жарбаңдатып, жабыса құшақтатпаңдар, адамның асыл сезімін ардақтап, бүркеп, қымтап ұстауға баулыңдар. Олардың нәпсісінен намысын биік ұстауға тәрбиелеңдер. Өмірдің ләззаты адал достыққа, айнымас қамқорлық, асыл махаббатта екенін естен шығармаңдар!» деген жазушы Әзілхан Нұршайықовтың аталы сөзі әрбір арудың жадында болса, артық болмас еді. Дүниедегі барлық нәрсе әркімнің өз арына байланысты. Қыздың орны қашанда биікте болған. Арман болған ақ гүлдей сұлулардың сыры да жұмбақ еді. Бүгін қалай болып барады? Өткінші сезім де адамның басынан өтіп кетеді. Ал, арға басылған қара таңбаны ешкім де өшіре алмайды.

Жансая АХАНОВА,
ГӘФ журналистика мамандығының
1-курс студенті.



- Сәлеметсіз бе, Ернар Айдар! Қостанайға қош келдіңіз!

- Рахмет!

- Қостанайға осымен төртінші рет келіп тұрсыз, осы жолы қандай жаңа әндеріңізбен бөлісуге келдіңіз?

- Ия, енді «Әншінің қаруы – ән» дейді ғой, ең бастысы жаңа әндер. Алты-жеті жаңа әнмен келіп отырмын. Енді ән кешіме келіп, Ернар Айдардың ән кеші ерекше болмады деп кетсе немесе ерекше болды деп кетсе, сол кезде өзімнің ерекшелігімді білемін. Енді мынандай ерекше ән алып келдім деп, менің еркшелігім мынау деп айта алмаймын.

- Бір қалаға бірнеше рет барасыз, халықты жалықтырып жіберемін деп ойламайсыз ба?

- Жалықтырып жіберемін деп ойлаймын ғой. Жалыққан да шығар деп те қаламын. Жалықтырып жібермеу үшін барынша жасандылығың жоқ болуы керек. Өзіңнің табиғи болмысыңды сақтау керек. Халық жасандылықтан жалығады. Жасанды қимыл, жасанды күлкінің өзі шаршатып жібереді ғой, өтірік күле берсең. Жасанды болмауға тырысамын. Енді осы төрт жыл көлемі болды Қостанайға келіп жүргенімізге, халық жақсы қарсы алады.

- Сіздің орындауыңыздағы әндердің көбі той

әндері, сіз алдымен әннің әуеніне мән бересіз бе әлде әннің стиліне, сөзіне мән бересіз бе?

- Әннің барлық жағына мән береміз. Себебі, әннің сәтті шығуы, жақсы шығуы барлық нәрсеге байланысты. Сөзі, әуені, өңдеуі, орындалуы - осы төрт нәрсе әннің сәтті шығуына мықты себепкер. Сондықтан әннің сөзін жақсы жаздырсаңыз, әуенін жақсы таңдасаңыз, жақсылап өңдесеңіз, сол кезде жақсы дүние шығады. Біреуі ақсаңдап қалса сәтті дүние шығады деп айта алмаймын. Сол себепті барлығына мән береміз. Қазақ болғаннан кейін сөз қадірін білеміз, оның ішінде өнер адамы болғаннан кейін сөздің қадірін түсінуге, астарында не жатқанын түсінуге міндеттіміз. Өнерге тәйтәйлап келе жатқаннан кейін, осы жағына көбірек мән беріп, сабақ алып, үйренуге міндеттіміз.

- Қазіргі таңда қазақ сахнасында арзан әншілер көбейіп кетті, мысалы сіз қазақи әнші қатарына жатасыз, ал қазақи емес, түсініксіз әншілерге, мысалы 91 тобы секілді әншілерге көзқарасыңыз қандай?

- Менің көзқарасым өзіңіз айтып тұрғандай. Өзім солар жайлы сөз қозғағым келмейді. Шыны керек, ешқандай жерде олар жайлы сұхбат бермегенмін және олар жайлы сұхбат бергім де келмейді.

- Сіздер жастарға үлгі болып жүрсіздер, өскелең ұрпақтан не күтесіз?

- Маған еліктемей-ақ қойсын, басқаға да еліктемей-ақ қойсын, өзінің болмысы мен өзінің ерекшелігін сақтасын. Өскелең ұрпақ ең бастысы ата-анасын ойласа екен. Қазақи болмыс, қазақи дәстүр, дініміз бар, тіліміз бар, соларды ұмытпаса екен деймін. Бір жастарымыз бар ата-анасының тәрбиесін алып, бірақ оқуға түсіп, басқа ортаға түсіп кетеді, рахатқа, ләззатқа малынып, керек десе ата-анасынан безіп кетіп жатқандар бар. Қазір көп қыздарды да көреміз клубқа барып, теріс жолға түсіп жатқан. Бізге де байланысты шығар, бірақ, бізден емес, ата-анасынан тәрбие алсын. Мысалы жақсы адам деп кімді айтады? Өзінің жаманын жасырып, жақсылығын асыра білген адам, ол мықты адам. Әр адамның кемшілігі бар, ешкім бұл өмірде пәк емес. Сол себепті менің айтарым біздің кей тұста кемшілігіміз көрініп жатады, сол кемшіліктерімізді алмай, керекті нәрселерімізді, артықшылықтарымызды алса ғана өздеріне пайда деп ойлаймын. Ең бастысы иманды болса екен.

- Жас әншілерді сынға көп алады. Сынға, жағымсыз сөздерге қалай қарайсыз? Эмоцияға көп берілесіз бе? Жалпы стрессті бақылай аласыз ба?

- Ия, мен стрессті бақылай аламын. Жалпы сынға көп ұшырағандардың бірі мен. Ең алғаш шыққанда қатты сөздер айтылды, қатты сындар айтылды. Менің Қуаныш Құрманбай деген ұстазым бар, сол кісі «сынға қатты ұшыраған кезде сөйлемей қоя сал, болмаса ұйықтап ал, содан кейін бәрі жақсы болады» дейтін. Қазіргі заманда кішіпейілділікті қорқақтыққа санайтындар бар, сыйластықты қорқақтыққа, әлсіздікке санайтындар бар. Сондай кезде үндемеуге тырысамын. Себебі мен өзім барынша қызуқандымын. Егер қатты ашуыма тиіп кетсе, ұрып жіберуім де, боқ ауыз сөздер айтып жіберуім де мүмкін. Оны мойындаймын. Сол үшін қазір үндемей қалу жағын көбіне пайдаланамын.

- Өнердің биік шыңына жету сіздің өнердегі мақсатыңыз. Ал өмірдегі мақсатыңыз қандай?

- Жалпы өмірдегі мақсатым адам болып өмір сүру. Болашақта бала-шағам болады, соларға менің істеген қателіктерімді қайталап, дұрыс бағдар беру, дұрыс білім, тәрбие беріп, тәрбиелі

ұрпақ қалдыру. Ең бастысы ата-анамды қуанту, бауырларымның амандығы, жақсы достарымның көп болуы, иманды болып өту - өмірдің мәні.

- Әнші болмасаңыз кім болар едіңіз?

- Мен әнші болмасам кез келген жұмысты істер едім. Негізі қолымнан барлық нәрсе келеді. Жігіт болғаннан кейін маған мына жұмыс жараспайды, мынаны істей алмаймын деген жігіттерге т а ң қаламын.

- Атаққа құмарсыз ба? Атаққа құмар емеспін, атақ маған құмар!

Егер керек болса істейсің, істедім де. Жұмыс таңдамаймын.

- Өнер адамы халыққа не бере алады?

- Өнер адамы халыққа көп нәрсе береді. Елікттейтін адамдардың барлығы өнер адамына еліктейді ғой. Өнер адамы тәрбие береді, өнер адамы бағыт-бағдар береді. Мысалы жер мәселесінің өзінде, қаншама ұлттық мәселелерінің өзінде жүрген өнер адамдары. Халық осы өнер адамдарына қарап тұр. Мысалы бізде өнер адамы болып жүрсек те, өнердегі аз аларымызға а қараймыз.

- Өзіңізге жиі қоятын сұрақ?

- Неге ұйықтай бересің? Ұйықтай берме деп жиі айтатын өзіме. Жалқаулықтан ба? Бірақ аса жалқауым деп айта алмаймын, Тұрсынбек ағамыз айтпақшы, әйтеуір

бірдеңе істеу керек – бірдеңе істеу керек деп жүре беремін.

- Сұхбатыңызға көп рахмет. Алдағы концертіңізге сәттілік!

- Сіздерге де көп рахмет!



**Сұхбаттасқан Айым Абдрашит,
ГӘФ журналистика
мамандығының
1-ші курс студенті.**

Жатақхана – өз үйің



Адам өмірінің қызықты шағы студенттік өмір болса, студенттік өмірдің қызығы – жатақхана. Үлкен кісілердің әрдайым айтып отыратын қайталанбас, ерекше, адам нанғысыз хикаялары да осы жатақхана қабырғасында өткен еді. Ал, қазір ет ұрланып жатпаса да, жатақханымыз қызықтан құр алақан емес. Мұны жатақхана өмірінің дәмін татқан кез-келген студент растайды.

2012 жылдың 22 қазан күні пайдалануға берілген Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің №2 жатақханасы қаланың оң жақ бөлігіндегі Абай даңғылы 28 мекенжайында



орналасқан. Ауылшаруашылық институты кезінде жатақхана болып, кейіннен бесқабатты оқу ғимараты болған қазіргі студенттер үйін ИТФ,ЭФ, АБФ факульттерінің шәкірттері мекендейді. 320 орынға лайықталған 5 қабатты студенттер үйі жұлдызды қонақүйлерден кем емес. Жайлы жатақханада барлық

жағдай қарастырылған. Студенттер үшін ас үй үлкен рөл атқаратыны белгілі. Ғимарат ішінде барлығы 9 ас үйі бар. Қажетті жиһазбен жабдықталған. Екі және төрт адамдық жарық та жайлы бөлмелер бір-біріне қарама-қарсы орналасқан. Студенттердің



жайлы тұрмысына кір жуатын, үтіктейтін, бос уақытын өткізетін орындар, үстел теннисін ойнауға арналған зал, плазмалық теледидары бар бөлме дәлел.

Жатақханада денсаулық сақтау мүмкіндіктері жоғары екендігін душқа арналған бөлме, медициналық пункт, тіпті аэробика залының орналасқандығынан білуге болады. Тұруға өте қолайлы. Ғимараттың іші



жазда салқын, қыста жылы. Жылдық төлемақысы да қымбат емес. Жастардың қалтасына салмақ салмайды.

Университетке сымдай тартылып кіріп, аудиторияларда ыздиып жүретін студенттер жатақханаға келіп жағасы жайлауда, еркін көсіледі. Кейде «Өз үйім, кең сарайдай боз үйім» деп шіреніп аламыз. Әрине, мұнда да тұрғындарды жіті қадағалауға негізделген белгілі бір тәртіптер бар. Бірақ, бәрібір жатақхана – өз үйің.

Алмас БАЙДРАХМАН.

Студенттер белсенді



«Алуан-алуан жүйрік бар, әліне қарай шабатын» дейді халқымыз. Университетімізде қатарының алды болып жүрген студенттер де бар. Білім бәйгесінде үздік атанғандардың бірі – психология мамандығының 1-курс студенті Жазира Манатова. Жазира біздің ортамызға келгелі бері өзін жауапты, белсенді



қатысып, ерекше қабілетімен көзге түсті. ҚР Рәміздер күніне арналған флешмобқа қатысып, 2-орын алды. Факультетте өткен денсаулық күнінде стол теннисінен 3-орынға, волейболдан жалпы командалық есепте 3-орынға ие болды.

Психология мамандығының 1-курс студенті Көркем Молдахметова да университеттің қоғамдық жұмыстарына белсенді қатысады. Көркем өзіне берілген тапсырманы дер кезінде орындау қасиетімен ерекшеленеді. ОЛ «Психикалық денсаулық күні», «Мұғалімдер күні» және ҚР Рәміздер күніне арналған флешмобқа қатысып, 2 орын алды. Басқа да студенттер ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған іс-шараларға ат салысып жүр.



екенін көрсетіп үлгерді. Кафедраның «Психикалық денсаулық күні», «Мұғалімдер күні» іс-шараларына

Гүлзат ИБРАЕВА,
Педагогика және психология кафе-
драсының 1-курс кураторы.



Серпіліс пе әлде құлдырау ма?

Q-rop (ағылшын тіліндегі «Qazaq pop» (қазақ поп) сөзінен шыққан аббревиатура) - 1990 жылдары батыстық электроника, электропоп, хип-хоп Оңтүстік Кореяда құрылған К-роп жанрынан бастау алған жаңа музыкалық жанр, субмәдениет. Бұл субмәдениет Қазақстанда алғаш рет 2014 жылы пайда болған, ал осы жанрды алғаш рет сахнаға алып шыққан топ «Ninety One» деп аталады.

«Орда» тобының мүшесі Ерболат Беделхан дәл осы субмәдениетті қалыптастырушы топтың бас продюсері. «Ninety One» немесе «91 тобының» бұлай аталу себебін топ мүшелері Қазақстан Республикасының 1991 жылы алған тәуелсіздігімен байланыстырады. Топ осылайша өздерінің де, өз музыкасының, стилінің тәуелсіз екенін көрсеткісі келеді. Топтың құрамында 5 жігіт өнер көрсетеді. Олар А.З. (шын есімі Азамат), ALEM (Мәлік), ACE (Азамат), ZaQ (Дулат) және BALA (Данияр) деген лақап атпен өздерін таныстырады.

«Ninety One» тобы құрылған кезден бастап сыртқы келбеттеріне сын айтушылар саны көп болды. Топтың алғашқы бейнебаянына әлемнің 120 мемлекеті назар аударып, 50-ден астамы видео арқылы өздерінің пікірлерін айтып, қолдау білдірген. Бірақ, Қазақстанның орта буын өкілдері шаштарын бояп, құлағына сырға таққан қазақ жігіттерінің өнерін мойындамады. Ел эстрадасындағы «Жігіттер» тобының мүшесі Бағлан Әбдіраймов, әншілер Заттыбек Копбосынов, Асхат Тарғынов, айтыскер ақын Ринат Зайтов сынды қазақ сахнасының майталмандары қарсылық білдірсе, ал Роза Рымбаева, Алтынбек Қоразбаев сияқты халық әртістері және өнер жолындағы жас буын ерекше топты қолдап шықты.

Топтың «EagleZ» деп аталатын фан-клубы бар. «EagleZ» ағылшын тілінен аударғанда «қырандар» деген мағынаны білдіреді. Бұл атау топтың атымен тығыз байланысты. Топ мүшелері жанкүйерлерін еркін, биіктегі қыранға теңейді. Жігіттер өздерінің талантымен тек Қазақстанда ғана емес, сонымен қатар Ресей, Украина, Ұлыбритания, Түркия, Оңтүстік Корея, Америка Құрама Штаттарында және басқа мемлекеттерде әйгілі болып, тыңдармандарының санын көбейтуде. Аталған топ туралы қостанайлық жастардың пікірін білген едік.

Нұрислам ЖҰМАКЕНОВ,
ГӘФ журналистика мамандығының 2-курс студенті:

«Бұл топты жақтау қиын. Біріншіден, бұл жаңашылдық емес. Ұлттық санаға кері әсерін тигізуші топтардың бірі. Екіншіден, «ұлтпын» деп мақтану үшін әр елдің өзіне тән мәдениеті болу керек. Мәдениет дегеніміз – әр ұлттың өзіндік бір сипаты. Сол мәдениет тұрғысынан біздің санамыздың, құндылығымыздың азғындалуына үлкен себепкер болатын топ. Егер толыққанды



оларды тыңдайтын болсақ, тәрбиелік мәні зор жыр-дастан, термелеріміздің орнын осындай мағынасыз әуендер басатын болады. Соның салдарынан қазақ жастарының санасы жеңіл ойлайтын деңгейге түспек. Жарты әлемге әмірін жүргізбек болған Гитлер былай деген екен: «Егер бір ұлтты жойғың келсе, оларға арзан музыка тыңдат».

Айзат ҚАСЫМХАН,
ГӘФ филология мамандығының 2-курс студенті:

«Бұл топты ұната қоймаймын. «Қайтадан» деген әнін тыңдап көрдім. Өлеңдерінің мән-мағынасы жоқ. Киінген киімдерінің өзі де қазақтың дүниетанымына жат көрінеді. Өсіп келе жатқан болашақ жас ұрпақ осыларға қарап үлгі алады. Ұрпағымыздың мағынасыз әндер тыңдап, келбеттері мен шаштарын қыздардан бетер бояп өскенін қаламаймын. Осындай істерімен қазағымыздың қара домалақ жігіттері мен қаракөз қыздарының ой-санасын улап жатқандығы шындық.



Ұлпан ЖҰМАБЕК,
ФВиТЖ мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы мамандығының 3-курс студенті:

«Олар қоғамға ешқандай кері әсерін тигізбейді. Бұл топты тыңдайтын жанкүйерлерінің басым көпшілігі мектепте оқитын қыздар, студенттер. Себебі, әуендері заманға сай. Шаш үлгілері бөлек, ерекше стильдегі әнші жігіттерді көбінесе «қызтеке» деп сынап жатады. Ол дұрыс емес деп ойлаймын. Өз өнерлерімен халықтың көңілінен шығып жүрген топ. Әндері де, рэптері де бір-бірімен үйлесімді. Топтағы жігіттерден біздің жерлесіміз Батырхан (ALEM) ұнайды. Сондай-ақ, оларда ерекке тән қасиет жоқ деген сөзбен келіспеймін. Өйткені, сол топтағы Азамат Зинкаев (А.З.) бокстан спорт шебері, бокспен 7 жыл айналысқан.

Бұл топтың беделі күннен күнге өсіп келеді. Осындай дау туатынын білген «Ninety one» тобы қарсы пікірлерге төтеп беру мақсатында екі жыл бойы психологиялық тұрғыдан дайындалған. Бұл топқа қарсы болған адамдардың пікірлерінің өзі «Ninety one» тобының танымалдылығын арттыра түсуде. «91 тобына» сын айтушылар мен жақтаушылардың саны бірдей. Біреулер қазақ сахнасына жаңа бір серпіліс әкелді десе, енді біреулер сол жаңашыл дүниеге қарсы.

Гүлім САҒЫДАТҚЫЗЫ,
ГӘФ журналистика мамандығының 2-курс студенті.

Мәңгілік ел жастары жырлайды

Қостанай қаласындағы Е.Өмірзақов атындағы облыстық филармонияда "Тәуелсіздікке арнау: Мәңгілік ел жастары жырлайды" атты аймақтық жас ақындар айтысы өтті. Дүбірлі додаға Қостанай облысынан басқа Қарағанды, Семей, Павлодар, Орал және Астана қалаларынан, барлығы 10 ақын қатысты. Есімдері елге енді таныла бастаған жастардың өлең сайысын тамашалауға жиылған жұрттың қатары қалың. Осыдан-ақ бекзат өнер айтысты Қостанай жұртшылығы сағына, сарыла күткендігі байқалады. Алдыңғы қатарға ата-әжелеріміз жайғасып төбе көрсетті. Сонымен қатар мектеп оқушылары мен студенттер қиқу қосып отырды.



Ақындар да орамды ой, есті сөз, тұшымды түйіндерімен елді өздеріне баурап отырды. "Мың сөзден мығым бірін айта білген" арқалықтық Батырлан Сағынтаевты, Семейден келген Серік Қуанғанды, павлодарлық Нұрқанат Қайратты ерекше атай өткен жөн. Қарағандыдан арнайы ат терлетіп келген Нұрмұхаммед Байсүгіров әр сөзін қаумалаған халыққа өтімді жеткізіп, жүйелі жырын, әдемі әзілмен әрлеп, тапқырлық танытып, көрермендердің ерекше



қошеметіне бөленді. Арқалықтың атынан келген Қайролла Хафиздің әуені мен әуезі жарасып, ел есінде қалар есті сөздер айта білді. Қыз болса

да қайраттылық, жүректілік танытып, топ жігітпен тайталасуға Қостанайдың намысын қорғай шыққан Нәрия Ақбабаны да әлеуметті айырықша тәнті



өткендердің қатарынан көре алдық. Ақындардың айбынды, жалынды, адуынды сөздерін бағамдаған Әсия Беркенова, Ғұмар Ахметчин, Нағашыбай Мұқатов, Әлпия Орманшина және Абылай Мауданов сынды қарасөздің, қара өлеңнің қазанында қайнаған аға-апалар қазылық жасады. Кешті белгілі айтыскер Марғұлан Оспанов жүргізіп отырды.

А й т ы с т ың қорытындысында бас жүлдеге қостанайлық Нәрия Ақбаба лайық деп танылып, 500 мың теңге иеленді. 1-орын – Павлодардан келген Нұрқанат Қайратта. Оның қоржынында – 250 мың теңге. 2-орын алған семейлік Серік Қуанған 200 мың теңгені қанжығаға майлады. 3-орын мен құны 100 мың теңгелік ақшалай сыйлық арқалықтық Батырлан Сағынтайға табыс етілді. Ыбырай Алтынсарин атындағы арнайы жүлде, яғни 80 мың теңге Қарағандыдан келген Нұрмұхаммед Байсүгіровке бұйырды. Дәл осындай Ахмет Байтұрсынов атындағы арнайы сыйлыққа арқалықтық Қайролла Хафиз ие болды. Нұрсұлтан Қасым, Айбар Рағатов, Бекболат Қаленов, Ернұр Әуезхан есімді айтыскерлер 30 мың теңге көлеміндегі ынталандыру сыйлығымен марапатталды. Осынау ауқымы кең, жүлде қоры қомақты жас ақындар айтысының биік деңгейде өтуіне мұрындық болған облыстық мәдениет басқармасын ерекше атап өту керек.



**Сералы МЫРЗАБАЙ,
ГӘФ журналистика мамандығының
3-курс студенті.**

Суреттерде: аймақтық айтыстан көріністер.

Кейкі туралы баллада

Торғайдың бойы тарих қой тұнған,
Шертемін десең шежіре.
Сыр ашар тегіс тау-тасы тұрған,
Сала біл құлақ сөзіме.

Дана да кетсе, дара да өтсе,
Артында ұрпақ қалмай ма.
Жырлаймыз десек, тіліміз жетсе,
Асыл да жетер Торғайда.

Солардың бірі кешегі Кейкім,
Айтылмай кеткен «ақтаңдақ».
Бейтаныс бізге киелі кейпің,
Жадында елдің сақталған.

Көргендер сені қорымда жатыр,
Ергендер саған бүгін жоқ.
Есіл ер Кейкі елеусіз Батыр,
Тұяғы соңғы тектінің.

Ұлан боп туып, құлан боп өріп,
Ұлытау бойын жайладың.
Ұлы шайқаста сардарға еріп,
Күреске белді байладың.

Небір жаужүрек, жалаңтөс батыр,
Құрметтеп саған жол берген.
Ұсынааныңды көздемей атып,
Аңыз боп кеткен «Қол мерген».

Үрпекті басып, Құмкешу асып,
Шайқастың Татыр, Күйекте.
Кәпірлер «Қара шайтан» деп қашып,
Батыр деп кеткен сүйікті ел.

Тайсалмай мылтық, зеңбіректерден,
Арыстан жүрек Бабалар.

Егескен жауын еңіреткен Ер,
Ерлігің қалай жоғалар.

Қазақ боп туып, азат боп өлдің,
Мәңгілік қырды мекендеп,
Хан Жошы қуған құландай желдің,
Сағымға сіңіп кетем деп.

Патшаны қойшы заты кәпір ед,
Жау болды-ау неге белсенді?
Сауалын қойып жаңа өкімет,
Жауабын таппай теңселдің.

Қолды бір сілтеп қияға кеттің,
Құлан боп жеттің далаңа.
Туған жер бірақ сен үшін тіктім,
Жарамай қалды-ау панаға.

Кешегі досың, кейінгі қасың,
Қуғынсыз таңың атпады.
Барлық қорлықтан түсті ме басым,
Ауылдың иті қапқаны.

Сыртыңнан туыс «банды» деп соқты,
Қашқын боп жанды қинадың.
Каззапқа атқан қорғасын оқты,
Қазаққа бірақ қимадың.

Жамалған тарих, жұлынған парақ,
Сендейлер аз ба жерімде.
Ерлігің кетті алашқа тарап,
Қабірің қалды-ау көрінбей.

**Серік ЖҰМАБЕКОВ,
Үрпек ауылы.
Аманкелді ауданы.**



Махаббат, қызық, мол жылдар...

Қарашаның 17 күні қостанайлық өнер сүйер қауым Ілияс Омаров атындағы қазақ драма театрына жиналды. Жаппай театрға асыққандарының себебі жас режиссер Дос Құбаштың «Махаббат қызық мол жылдар» қойылымының тұсау кесері. Қойылым Қазақстанның халық жазушысы Әзілхан Нұршайықовтың «Махаббат қызық мол жылдар» романының желісі бойынша қойылды. Зал көрермендерге толы болды.



Бұл өнер туындысын тамашалауға ешнәрсе де кедергі бола алмады. Кей жандардың пыш-пыш сөйлескендері, жанымда отырған апайдың телефон қоңырауы, алдыңғы қатардағы қыздың сол телефонмен сыбырласып сөйлесіп жатқаны. Тек тыныштықты қадағалап жүретін апайлардың жандарына келіп «телефоныңызды өшіріп қойыңыз», «сөйлеспеңіздер» деп сыбырлағандарынан ғана байқап жаттым. Өйткені ол кезде жұдырығымды қысып Ербол мен Меңтай үшін алаңдаумен отырғам. Бар ойым сахнаның үстінде болды. Жиналғандардың дені – жастар, студенттер.

Қойылым 1945 жылы соғыстан оралған ескі достардың сағына қауышуларымен басталады. Солардың бірі Ербол - басты рөлдегі кейіпкер. Аяқтай алмай қалған оқуын жалғастырмақ болып университетке түседі. Тобындағы Меңтай есімді сұлу әрі ақылды қызға бірден ғашық болады. Меңтай да Ерболды сүйеді. Екі жастың махаббатын тағдыр қанша сынағанымен ғашықтар біріне-бірі адал екендерін дәлелдей түседі. Қуаныштары ұзаққа созылмай Меңтай өмірі қыршынынан үзілсе де, қос ғашықтың пәк сезімдері үзілмейді. Қойылым қайғылы аяқталғанымен жастардың кіршіксіз сезімдері жанға ерекше жылулық ұялатады.

Қойылым бітісімен көрермен, ішінде өзім де бармын, орындарынан тұрып ерекше шапалақ ұрды. Режиссерге ырзалықтарын осылай көрсетті. Жас таланттың қуанышы мәлтілдеген көздерінен білініп, көрерменге қайта-қайта иіліп алғысын білдіреді. Әрине толқиды. Бұл театр өнеріне алғашқы қадамы, тұңғыш қойылымы.

Жас режиссер Дос Айжарықұлы Құбаш 1993 жылы шілденің 9 жұлдызында дүниеге келген. Се-

мей қаласының тумасы. Биыл Алматыдағы Темірбек Жүргенов атындағы өнер академиясын драма театр режиссері мамандығы бойынша тәмамдаған. Енді, міне, өнер жолын «Махаббат қызық мол жылдар» қойылымымен бастады. Елімізге тағы бір талант иесі қосылды.

«Өнер» деген теңізге жаңадан қосылған дарынды режиссер Дос Құбашпен әңгімелескен болатынымын.

Сізді өнерге қадам басуыңызбен құттықтаймын!

Спектакльді дәл осы Әзілхан ағамыздың «махаббат қызық мол жылдар» романы бойынша қояуға не себеп болды?

- Оқуымды аяқтағаннан соң жұмысқа орналасайын, бірақ қандай спектакль апарамын деп ойланyp жүргенімде осы романды көріп бірден қызықтым. Ербол мен Меңтайды халық көрсе екен дедім. Қазіргі кез жастар заманы ғой. Оларға біздің өнеріміз арқылы беретініміз тәрбие, өнеге болғандықтан, осы қойылым арқылы өлмес махаббатты үлгі етіп көрсеткім келді.

- Сахнаға алып шығу үшін дайындығына қанша уақыт кетті?

- Арнайы сахна үшін жазылмағандықтан, қойылымды шығару қиын болды. Бұл спектакльге қарағанда кино ретінде түсіруге көбірек келеді. Бірақ шамамыз келгенше тырысып, екі айдың ішінде дайындап шықтық.

- Алдағы уақыттағы шығармашылық жоспарларыңызбен бөліссеңіз?

- Жүзеге асыраым келетін біршама жоспарларым бар. «Айна ғұмыр» спектаклін ойлап жүрмін, Талаптан Ахметжан ағамыздың «Сынық қанат көбелек» повесті бойынша да қойылым шығарғым келеді. Оралхан Бөкей еңбектерін де қарап жүрмін. Болашаққа деген біраз мақсат, армандарым бар.

- Сұхбатыңызға рахмет! Шығармашылығыңыз шыңдала берсін. Ойлаған арман, мақсаттарыңызға ерең еңбектеріңіздің арқасында жете беріңіз!

- Рахмет! Айтқаныңыз келсін.

**Бабасанова Тұмарым,
ГӘФ журналистика мамандығының
2-курс студенті.**

Гүлнар Беркенова: «Жас кезінде жалында»

Бұл өмірде біз үлгі тұтатын адамдар жетерлік. Біріміз сабақ берген ұстазымызға, енді біріміз ата–анамызға қарап бой түзейміз. «Олар жетістікке қалай жетті, үлкен тәжірибені кімнен алды?» – деген сын – ды түрлі сұрақтардың мазалауы да заңдылық. Студенттер де білім берген оқытушыларына қызыға да қызғана қарайды. Көпке үлгі болып жүрген еңбекқор жандардың бірі – педагогика ғылымдарының кандида – ты, Қостанай мемлекеттік университетіндегі тәрбие ісі жұмыстары жөніндегі басқарманың басшысы Беркенова Гүлнар Сейтжанқызы.



- Гүлнар Сейтжанқызы, сұхбатымызды еңбек жолыңыздан бастасақ.

— Мен университет қабырғасында 1988 жылдан бері жұмыс істеп келемін. Педагогикалық пәндерден магистранттарға сабақ беремін. 2001 жылдан бастап халықаралық «RWCT» жобасының тренері болдым. Стамбулда өткен Еуразиялық халықаралық оқу қауымдастығы комитетінің қатысушысы және осы жоба бойынша Ұлттық конференцияның

модераторы болғанымды мақтанышпен айта аламын. Ұстаздық еткенді жақсы көремін және аудиториядағы тыңдаушылардың бәрін мұқият тыңдаймын, пікірлесемін. Өкінішке қарай, қазіргі таңда дәріс беретін пәндерім азайды. Сондықтан, студенттермен жиі кездесіп, әңгімелесе алмаймын.

- Отбасыңыз туралы бірер ауыз айта кетсеңіз.

— Тату – мәтмі отбасында өстім. Мен үйдің

кенжесі болдым. Сондықтан бәрі еркелетті. Бірақ, мен қырсық қыз болған жоқпын. Әкем Ішкі істер саласында жұмыс істегендіктен бәріміз үйдегі тәртіпті қатаң сақтайтынбыз. Кішкентайымнан ұқыпты болып өстім. Сабақты да өзім оқып, дайындалатынмын. Бір сөзбен айтқанда, ата-анама салмақ салғаным жоқ.

- Мектептегі ең тәртіпті оқушы болдыңыз ғой?

— Мүмкін. Мен сабақты қызығушылықпен оқитынмын. Мұғалімді зейін қойып тыңдауға тырыстым. Үй тапсырмасына тыңғылықты дайындалуға машықтандым. Біздің сыныптың балалары өте тату болды. Қақаған қыстың үскірік аязына қарамай мектепке баратынбыз. Оқушы кезімде жордың құрамында ән айттым, би биледім, түрлі мерекелік іс-шараларға қатысып жүрдім. Кейін институтты аяқтап, мектепте жұмыс істеп жүргенімде би үйірмесін ашуға бірден шешім қабылдадым. Балалар биге құлшыныспен келетін. Жаңа бастамаға ата-аналары да қуанды. Олар маған сахналық костюмдерді дайындауға көмектесті. Бәріміз дүкен шартлап, әдемі көйлек іздейтінбіз. Көйлекке түрлі әшекейлер жабыстырып, сәндедік. Сол кездегі қарбалас тірлік бүгінде тәтті естелікке айналған. Өмірімдегі ұмытылмас шақтар болып қала бермек.

- Студент кезіңіз есіңізде ме?

— Студенттік шақтар мектептегі кезеңнің жалғасы болғандай. Бұрынғыдай ән айттым, биледім, бірақ, бірінші орынға үнемі оқуды қойдым. Мені бірінші курста комсомолдық комитетке таңдап алды.

Әрине, ол кездегі талап, ереже басқа. Біздің студенттік өміріміз ауыл шаруашылық жұмыстары, құрылыс бөлімі, пионерлік лагерлермен ерекшеленеді. Біз кітапханаға барғанды жақсы көретінбіз. Өйткені, ондағы атмосфера басқаша болатын. Студенттер түрлі кітаптарды ақтарып мәлімет іздеп, қағазға жазып алады. Қазіргі студенттер сияқты бірден көшіріп немесе телефронға суретке түсіру деген жоқ. Кітапхана басқа оқу орнының, өзге факультеттің студенттерімен танысу орталығына да айналып кететін. Жаңадан танысқан достарымызды өзіміздің оқу орнымызда өтетін мерекелік шараларға шақыратынбыз. Сондай кездесулердің арқасында барлық оқу орындарының студенттерін жақсы танытынбыз. Студенттік тойлар, оқу практикалары болатын. Ең қызығы, 31 желтоқсанда емтихан тапсырған күндер де өтті.

Ол кезде оқуға деген талап қатаң. Үйге 31 желтоқсаннан кейін баратынбыз. Сіздерге қазір жақсы ғой. 31 желтоқсан күні ауылдарыңызға жетіп, ата-аналарыңызға барасыздар.

- Сол кездегі студенттер қандай еді? Бүгінгі жастармен салыстыра аласыз ба?

— Студенттер өзара тату—тәтті, әр іске жауапкершілікпен қарайтын. «Бәріміз біріміз үшін» деген ұстаныммен есейдік. Мен бұның бәрін зор сеніммен және мақтанышпен айта аламын. Себебі менің студенттік өмірімде осыған дәлел боларлық оқиға жетерлік.

Кез келген адам бірінші курстың естеліктерін

көкейінде мықтап сақтап алады. Ең қызықты сәттер оқудың алғашқы жылында болатын секілді. Менің де бірінші курста оқып жүрген кезім. Қысқы сессия уақыты. Соңғы емтиханға санаулы күндер қалды. Үйге ертерек кету үшін емтиханға бірінші кіруге асығатынбыз. Кезегім келген соң билет алып, сұраққа жауап бердім. Мұғалім «жақсы» деген баға қойды. Өз міндетімді орындаған соң аудиториядан шығып үйге кетіп қалдым.

Ол кезде ұялы телесфон жоқ. Демалыстан келсем, курстастарым у—шу болып жүр. Құрбыларыма мұғалімнің маған қойған бағасы ұнамалты. Олар менің жауабымды тыңдаған. Оқытушының қойған бағасына көңілдері толмаса керек. Бұны әділетсіздік деп тауып, емтиханнан кейін бәрі жиналып деканға барыпты. Болған оқиғаны факультеттің деканына айтқан. Ол кісі де группаластарымды жақтамасы бар ма. Демалыстан келгенімде мені деканатқа шақырып алып, «Сұраққа толыққанды жауап бере тұрса мұғалім қойған бағасына келісе салғаның қалай? Неге өзінді қорғап шықпадың?» деп сұрады. Мен, «Баға білімнің көрсеткіші емес. Мен шағымданып баға сұрамаймын» деп жауап бердім. Декан менің жауабыма риза болған жоқ. «Намыс адамға үнемі пайда әкеле бермейді»— деді. Мүмкін солай да шығар. Бірақ менің табиғатыма арызқойлық тән емес. «Сүтпен сіңген мінез, сүйекпен кетеді» деген бар емес пе. Адамның болмысын өзгерте алмайсың. Мен үшін жанұшырған курстастарыма алғысым шексіз. Осыдан кейін біз бір—бірімізді үнемі қолдап жүрдік. Міне, біз осындай студент болдық.

Бұрынғы мен бүгінгі салыстыруға келмейді. Салыстырудың қажеті де шамалы. Қазіргі студенттердің де өздеріне тән артықшылықтары бар.

- Тәуелсіз еліміздің студенттеріне айтар кеңесіңіз немесе тілегіңіз болса.

Біздің студенттерге белсенді және өмірге ғашық болындар дегім келеді. Уақыт жоқ деп ешқашан шағымданбаңдар. Өйткені, уақыт — жүйрік. Ешкімнің ырқына бағынбайды, көнбейді. Уақытты дұрыс пайдалана білген жөн.

Бәріне үлгеруге болады. Сабаққа жан—жақты дайындалып, мерекелік іс-шараларға да қатысыңыздар. Өең айтып, би билеңіздер. Конференцияларға да қатысыңыздар.

Бірқалыпты тіршілік адамды тез жалықтырады немесе жалқаулыққа баулиды. Сондықтан, әрқашан ізденісте жүріңіздер.

Жастық шақ — студенттің ең басты байлығы. Жас кезіңде жалында. Бұл дегеніңіз — белсенділік, мықты денсаулы, рухани күш. Өзіңізді әр қырынан таныңыз. Ештеңеден қорықпай, тек қана алға жүріңіз. Сонда ғана, жетістікке жетіп, өмірлік ұстанымыңызды анықтап, болашаққа нық қадам баса аласыз.

**Сұхбаттасқан Арайлым
Қабимолдақызы,
ГӘФ журналистика мамандығының
3-курс студенті.**

«Ыбырайдың өсиеті» сахнада



Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының студенттері үлкен игі істі абыроймен атқарып шықты. Олай дейтінім, институт ішінен құрылған студенттер театрының болашақ әртістері, Ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсарин туралы ақын, драматург Ақылбек Шаяхметтің "Ыбырай өсиеті" атты пьесасын сахналады. Пьесса барысын студенттер сомдағанымен, кәсіби әртістерден кем емес екендігін байқатты. Қай-қайсысы өзіне жүктелген рөлді асқан сезімталдықпен ойнап шықты. Пьесаны тамашалауға институт басшылығы мен студенттері келді.

Ыбырай Алтынсарин қазақтың ағартушылық тарихында және ұлттық мектептің қалыптасуында өшпес із қалдырды. Көп оқыды, Ресей қоғамының білімді адамдарымен жиі араласып тұрды. Орынборда оқып жүрген кезінде шығыстанушы ғалым В.В Григорьевпен жақын танысып алды. Ол өзінің бай кітапханасын Ыбырай Алтынсариннің еркін пайдалануына рұқсат етті. Білімге құштар жас бос уақытының бәрін сол кітапханада өткізді. Білген үстіне біле түссем деген құмарлық пен өз халқыма неғұрлым көбірек пайда келтірсем деген абзал арманға ұмтылыс жас Ыбырайдың өмірлік кредосына айналды. Өзінің мінез-құлқы жағынан қарапайым әрі еңбексүйгіш еді, көп оқыды, өзге халықтардың қол жеткен табыстарын неғұрлым көбірек біле түссем деп армандады. Алған білімін өз халқының пайдасына асыруға талпынды. Туған жерге перзенттік өтеу ретінде бар жиған тергенін жас ұрпақтың білімі жолына жұмсауға бекінді. Сол себепті Торғайдан екі сыныптық мектеп ашты. Бірақ сол жолда аз тер төгілген жоқ. Жолын кесіп, игі ойынын жүзеге асырылуына кей ора шолақтар бөгет жасады. Ұлы ұстаз: *"Мен ешқашан да сабақты бұзуға молдаларға жол бермеймін, ал миссионерлерге қазақ балаларын шоқындыруға жол бермеймін. Орысқа бодан болған қазақтардың жағдайы да оқып кете қойған жоқ. Ендігі амал орыспен соғысу, босқа қырылу емес, сол орысқа бағынышты болсақта, қазақтың жастарын орыс оқуына үйрету, түрлі ғылымды, өскери өнерді меңгеру"*, – дейді. Ал басты рөлді сомдаушы өзі рухани байлық алғанын айтады.

- «Бұл рөлде ойнау өте қиын болды. Себебі Ыбырай Алтынсаринді ең бірінші ойнауға ниеттеніп дайындық барысында, Ислам дінін нақты ұстанған адам, өзінің дініне берік екендігін білетінмін. Құраннан күш қуат алатындығын сөздім. Мен де осы рөлді сомдау барысында өзімді сол бетке бұрып Құран қадірін жіті түсінуге тырыстым. Жүріс тұрысымды дұрыстап, ел сыйлаған киелі адам болғаннан соң, ол кісінің кейпін сомдау еріккеннің ермегі емес екенін ұқтым. Осы қойылым барысында Ыбырай бабамыздың текті тұлға екенін біліп өзімді мықтай түстім. Пөнде Аллаға сенім артып, тәуекел етпесе барлық ісі ада екенін түсіндім. Екінші жағынан қойлымға қадірлі қонақтар келетін болғандықтан, сол кісілердің және жетекшіміздің алдында абырой керектігін ойладым. Әрине, қойылым барысында қобалжу болды, шамалы сөзімізді ұмытып қалған кездерде мұқалмастан орнын толтырып жіберетіндей өн бойымда күш-қуат барын сөздім. Сөйтіп өз қорқынышымды жеңіп жақсы сомдадым деп ойлаймын. Дайындықты екі ай көлемінде жүргіздік. Құдайға шүкір, халыққа ұнап жатқанын ыстық ықыласы мен қошеметтерінен сезілді», – дейді Ыбырай бабамыздың рөлін сомдаушы, жаратылыстану математика факультетінің Кәсіптік оқыту мамандығының 3-курс студенті Думан Сайын.

Ұлы тұлғаны сомдау үшін мол күш, қажымас



қайрат, мұқалмас жігер, талмас талап керектігі ақиқат. Ақылбек ағай Шаяхмет ұлт ұстазының жан серігі ақын Нұржан Наушабайдың Ыбарайға деген кіршіксіз адал достығын бейнелеген. Мектеп ашу барысында қаржылық жағынан да демеушілер табуға мол септігі тигендігін аңғаруға болады. Осы баға жетпес сыйластықты сахнада көрерменге жеткізе білген жас артистердің жетекшісі Ақбидаш апайдың еңбегі зор.

- «Екі жыл бұрын Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтта талантты жастардың бастамасымен, ниетімен «Жас сахна» студенттер



театрын құраған болатынбыз. Осы уақытқа дейін біраз сахналық көріністеріміз, қойылымдарымыз бар. Биылғы жылы Ақылбек Шаяхметтің «Ыбырайдың өсиеті» пьесасын сахналаған себебіміз, халық ағартушысы Ыбырай Алтынсариннің 175 жылдығы, Тәуелсіздіктің 25 жылдығымен тұспа тұс келіп отыр. Сонымен қатар педагогика және психология факультетінің ұйымдастырумен өткізіліп отырған халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға сәйкестендіріп отырмыз. Бұл пьесада біраз құнды жағдайлар айтылған. Біз Ақылбек ағайдың келісімімен қысқартып, ықшамдап ел назарына ұсындық. Жан-жағын жаңа танып, өсіп келе жатқан студенттерге күш түсірмеу жааын ойладық. Осы пьесаны ұсынаанда студенттер қуана келісе кетті. Өйткені, білімнің бастауы Ыбырай ата екендігін олар біліп, бәрі бір ауыздан қолдады. Тааы да №11 мектеп оқушылары ат салысты. Пьеса қаншалықты ықшамдалғанымен көптеген ойлы



орамды дүниелер қозғалды деп білемін. «Біткен іске сыншы көп» дегендей, ойнау барысында кемшіліктер болған шығар. Рольдерді сомдаған артистер кісіби маман емес. Сондықтан, көшіріммен қарған жөн деп білемін. Менің ойымша, қойылым жақсы және жоғары деңгейде болды. Жиылғандардың көңілінен шыққаны жүздерінен көрініп тұрды.

Талапшыл жастарға институтымыз қолдау білдірді. Балалардың ұйымдастыруымен сахналық жабдықтарды орналастыру барысында озаттылық көрсеткендері менің де көңілімнен шықты. Жараты-

лыстану, математика, тарих, өнер педагогика мен психология факультеттерінің студенттері белсенді қатысты», - дейді ұйымдастырушы, педагогика факультетінің аға оқытушысы Ақбидаш Әбдіркенова.

Зор жауапкершілікті мойнына алу да оңай ша-руа емес. Тамашалауға келген студенттер де дән



риза. Пьесаны көру барысында өзіндік ерекше жан тебіреністе отырғандарын жасырып қалған жоқ.

- «Мен бұл пьесадан ерекше рухани байып қалдым. Ыбырай бабамыздың білімділігіне, Алла тағалаға



адалдығына қанық болдым. Сонымен қатар институт студенттері зор жауапкершілікті сезініп, шебер сомдап шыққандығына ерекше риза болдым. Ақылбек Қожаұлына алғысым шексіз. Болашақта да тарихымызды жаңғыртып, біз сияқты жастарға тәлім боларлықтай, рихани дүниемізді байытардай дүниелерді өмірге әкеле берсін», - дейді ҚМПИ-дың студенті Ерхан Егінбаев.

Бұл пьесаның жас буын өкілдеріне берер пайдасы мол. Тәрбиелік, тағылымдық жағы басымырақ. Жас ұрпақ Ыбырай ата бойындағы адалдық, өзіне деген сенімділік, жан тазалығы деген құндылықтарды өн бойын сіңірсе пьесаны жазған автордың еңбегі еш кетпегені деп білеміз.

Сералы РАМАНҰЛЫ,
ГЭФ журналистика мамандығының
студенті.

Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің агрономия кафедрасының профессоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты Аманжол Ахмет редакциямыз Қазақстанның халық жазушысы, көрнекті ақын Мәриям Хакімжанованың бір топ суреттері мен өлеңдерін жолдаған еді. Қолымызға түскен суреттерде ақынның әр жылдары туған-туыстарының және елімізге белгілі ақын-жазушылардың ортасында болған сәттері бейнеленген.

Биыл Мәриям апамыздың туғанына 110 жыл, арғы атасы – ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсариннің туғанына 175 жыл толып отыр. Осынау ерекше датаға орай ақын апа туралы деректерді оқырман назарына ұсынып отырмыз.

Өмірбаяндық материалдарда халық жазушысы Мәриям Хакімжанованың 1906 жылы 15 қарашада Қостанай облысының қазіргі Алтынсарин ауданында туғаны

жазылған. Мәриям апа атақты Балғожа бидің шөбересі. Белгілі Балғожа биден Алтынсары және Қошан туады. Алтынсарыдан Ыбырай, Қошаннан Нұғыман, одан Хакімжан тарайды. Мәриям Хакімжанова мен Ыбырай Алтынсарин арасындағы туыстық қарым-қатынасты сан салалы шежіре деректері осылайша түсіндіреді.

Мәриям Хакімжанова 1931-1935 жылдары рабфакта дәріс алған. Бұрынғы «Әйел теңдігі», қазіргі «Қазақстан әйелдері» журналында алдымен әдеби қызметкер, кейін жауапты хатшы, қызметін атқарған. Әр жылдары Қазақстан халық ақындары бөлімінің меңгерушісі, көркем әдебиет баспасында редактор, аға редактор болып жемісті жұмыс істеген. Ол 1936 жылы Алматы қаласына барып, қоғамдық өмірге араласады. 1934 жылы КСРО Жазушылар одағына мүшелікке қабылданып, оның мүшелік билетіне орыстың жазушысы Максим Горький қол қойған. Оның 1935 жылы баспадан шыққан тұңғыш жинағы «Жеңешем жыры» деп аталыпты.

Ананың адамгершілік қасиеті, қадірі, жан сезімі, ой толғаныстары Мәриям апаның бүкіл творчествосының өзегі деуге болады. Оның өлеңдер жинағы «Ана махаббаты», «Ана жүрегі», «Ана жаны» деп бекер аталмаса керек. Ана туралы өлең жазып, ән шығармаған шығармашылық иесі жоқ шығар, сірә. Біз әңгімелеп отырған Мәриям ақынның кейіпкерлері – жасампаз,



еңбекқор, ержүрек ана, аялап ұлқыз өсірген қамқор әйел.

Ақынның бас кітабы – «Мәншүк» поэмасы. Бұл – оның бүкіл ақындық қуатын, дарынын, шеберлігін жұмсаған шығармасы. Поэма-ны зер сала оқи отырып қазақ халқының қаһарман қыздарының бірі, ержүрек пулеметші, Совет Одағының Батыры Мәншүк Мәметованың ер тұлғасын көресіз, ерлігіне сүйсінесіз, қазасына қайғырасыз. Осындай батыл қыздың болғанына мақтанып та аласыз. Аталған шығарма 1945 жылы жеке көлемді кітап болып басылған. Отанға деген сүйіспеншілікті арттырып, туған жерге деген ынтық сезімді өршіте түсетін туынды 1947 жылы орыс тіліне аударылыпты. Кейін осы поэма желісінде «Ана махаббаты» деп аталатын деректі фильм әзірленген.

Мәриям Хакімжанованың есімі қазақ поэзиясындағы қыз-

келіншектер керуенінің көш басында тұр. Ақын өз халқын жанындай сүйді, ұлттың тілі мен дінін, мәдениеті мен дәстүрін

сыйлап өтті. Туған жерін

жырлаудан бір сәтке жалықпады. Туған халқын, сол елдің перзенттерін кез келген қыспақтан шырылдап арашалай білді. Сонау аласапыран жылдары солақай саясаттың құрығына ілігіп, «халық жаулары» атанған Сәкен Сейфуллин, Бейімбек Майлиннің үйіне отын (сексеуіл) тасыған әрекетінің өзі ерлікпен пара пар.

Ақынның туған жері Қостанайына деген ыстық ықыласы жауһар жырларынан көрініс табады. Мына бір өлеңінің үзіндісінде ата мекенге деген сағыныш сазы төгіліп тұр.

**«Қос орденді, қос қанатты Қостанай,
Ата мекен саған келсек көңілім жай.
Сенде тудым, сенде өстім, сен маған,
Көрінесің ақ сүт берген анадай.**

**Көрем сені ыстық құшақ ұямдай,
Жыр төгілед көкірегіме сыя алмай.
Келгенімде жас баладай қуанам,
Кетерімде қиналамын қия алмай».**

Мәриям Хакімжанованың Қостанайға келген әр сапары үлкен мейрамға айналған. Жерлестерімен кездесіп, болашақ шығармаларына арқау боларлық тың ойлар алған. Туған топырағынан қуат алып, Алматыға қайта аттанған.

Көзкөргендер апайды көпшіл кісі деп еске алады. Оның кішкене аласа үйінен дәм татпаған, шабыт алмаған қазақ ақындары кем де кем. Сөзіміз жалаң

Есімі елге таныла Мәриям апа



болмасы үшін көзі тірі куәгер, апайдың нағашы інісі Аманжол Ахметті әңгімеге тартқан едік. Аманжол Зұлқарнайұлы Алматы қаласында студент болған кезінде Мәриям апайдың үйінде сегіз жыл тұрады. Осы уақыт ішінде ақын апаның дастарқанынан дәм



татып, қонақ болған қазақтың марқасқа жазушылары Ғабит Мүсірепов, Сырбай Мәуленов, Ғафу Қайырбеков, Әбділда Тәжібаев, Әбу Сәрсенбаев, Қасым Қайсеновты өз көзімен көрген.

- Апай өте қонақжай адам еді. Алматыда оқитын қостанайлықтар көп болатын. Солармен сол үйде жиі кездесіп қалатынбыз. Өте мейірімді кісі еді. Ешкімнің көңілін қалдырғысы келмейтін. Ақын қыз-келіншектер де апайды айналып шықпайтын. Өлеңдері басылмай жатса, апайға телефон соғатын. Апай көмектесіңдер деп тиісті жерлерге телефон шалатын. Сондай қарапайым, кішіпейіл кісі

болды ғой,-дейді Аманжол Ахметов.

Оқырманға түсінікті болуы үшін Аманжол Зұлқарнайұлының Мәриям апаймен қалай туысатынын баяндап кетейік. Аманжолдың атасы, яғни, әкесінің әкесі Ахмет пен Мәрия апайдың шешесі Төлеген бір әке-шешеден туған апалы-інілі бауырлар. Төлегеннің алдында Жансақалдан бір ұл туады. Ол



Мәриям апа жазушылар ортасында.
Сурет 1957 жылы түсірілген.

қайтыс болып кеткен соң, өмірге келген қыз баланың есімін қайтыс болған ұлдың орнын толтырсын деген оймен Төлеген деп қояды. Мәриям апайдың



өзі бес ағайынды. Екі ағасы мен екі інісі болған.

Мәриям Хакімжанова қазақ әдебиетін дамытудағы орасан зор еңбегі үшін екі рет «Құрмет белгісі», Еңбек Қызыл Ту орденімен, Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің Құрмет грамоталарымен, медальдармен марапатталды. 1986 жылы оған «Қазақстанның халық жазушысы» атағы берілді. Апайдың көзі тірісінде қолданған заттары, жазу үстелі, қобдишасы мен қоңырау сағаты бүгінде Қостанайдағы облыстық Ы.Алтынсарин мемориалдық мұражайында сақтаулы тұр.

Қымбат ДОСЖАНОВА.

М о б ы л ә н і

Сөзі Мәриям Хакімжанованікі.

Әні Қажығали Омаровтікі.

Мұңың Мобыл сырын кім біледі?
Алтын төс аймалаған көп біледі.
Молжытып Мобыл әнін мен шырқасам,
Қойыны Алатаудың көмдірледі.

Қ-сы:

Арқаның аруындай ерлу Мобыл,
Аспанның әнші қызы, соған шомыл.
Мағынған тақияға ркісіндей,
Жағаға жарасқан тал, бұйра қызыр.

Мағы да, тағы да айтышы дегендейін,
Жартасы жаңғырып өп береді.
Шарықтап өміт, сенім, шаттықпенен,
Шабытты өрге сүйрей жөнеледі.

Ыдырай, өдүт сынды азын ұлдар,
Мобылдың қытын еліп өккен бұлар.
Мағынып Жырдан қанат сөзден селсер,
Халқының жаршысы боп талай жылдар.

Қ-сы:

Арқаның аруындай ерлу Мобыл,
Аспанның әнші қызы, соған шомыл.
Мағынған тақияға ркісіндей,
Жағаға жарасқан тал, бұйра қызыр.

Мобылдың молжынынан туды Ерлан,
Өр кеуде, өжет мінез айдынды Жан.
Ержетті бақытты өмір қршағында,
Қылыштай қынабынан суырылған.

Қ-сы:

Қараса қаракөзі ғұшып атқан,
Қанатын сілкер досқа дауылдатқан.
Отанға екі талай көп тұғанда,
Болмда етіп өз жерігін жауына атқан.

Қ-сы:

Керуен басы – Қостанай

Сөзі Мәриям Хакімжанованікі.

Қасқайып топтан озған Қостанайым,
Атыңды ауызымнан тасталаймын.
Керуенін миллиардтың бастап шыққан,
Мен неге табысыңды қосталаймын.

Қ-сы:

Даңқты дүнді жерім,
Мәнді жерім,
Атыңнан айналайын
Муған елім,
Құйыла заводтарда
Болат болып,
Дән болып жерден,
Өнді маңдай терім.

Мен неге өз еліме рн қоспаймын,
Мен неге шашуына жыр тоспаймын.
Аялап Қостанайдың ақ бидайын,
Айналап кезек-кезек уыетаймын.

Қ-сы:

Даңқты дүнді жерім,
Мәнді жерім,
Атыңнан айналайын
Муған елім,
Құйыла заводтарда
Болат болып,
Дән болып жерден,
Өнді маңдай терім.

Ендереің өрге өрлеткен қадамыңды,
Сендереің жорғалатқан қадамыңды.
Сендереің ракетаға қанат беріп,
Орнатқан айға апарып жалауыңды.

Қазақ мектебінің іргесін қалаған

Ыбырай Алтынсарин, Ахмет Байтұрсынов туралы да Торғайда көп әңгіме қалған. 2000-жылдардың бас кезінде сондай көнекөз қарттардың соңғы өкілдерін ғана көзіміз көріп қалды. Олардың да өмірден өткеніне 5-6 жылдың жүзі болып қалды. Соның бірі Жәлел Қарабалин ақсақал біз көргенде тоқсаннан асып отыр еді. Бірақ сөзі әлі ширақ болатын. Ол кісі 30-шы жылдардың ішінде Алматыда Амангелді Имановтың Рамазан деген ұлымен бірге оқыған екен. Сол жылдары Ахмет Байтұрсыновты да көрген. Бұл туралы атамыз: «Ахаң газет-журнал сататын дүңгіршектен келіп таңертең газет алады екен. Оның келетін кезін күтіп жүріп, көрген едік» деп әңгімелеп берген еді жарықтық. Мұны сөз реті келгенде айтып отырмын. Ал Жәлел атамыз Ыбырай туралы өзінен бұрынғы қариялардан естігенін де ұмытпай, жадында сақтап келген екен. «Балғожа би: «Балаң мектептің іргетасын көтеріп жатыр» дегенде қуанғаннан үш айғырдың үйірін айдатыпты ғой. Қаржы халықтан да жиналған, дегенмен, ол негізінен Шеген әулетінен шыққан. Онда алғашқы оқыған балалардың басым бөлігі де осы әулеттің ұрпақтары, төрт бала ғана сырттан алынған», – деп еді. Тарихи құжатта осы алғашқы мектепті 16 баланың бітіргені туралы айтылады. Алайда, алғашқыда мектептің, білімнің маңызын қалың қауым бірдей түсіне қоймайды. Бала аздау жиналса керек. Осы орайда еліміздің еңбек сіңірген мұғалімі, аты аңызға айналған ағартушы, Ыбырай мектебінің түлегі – Ғазиз қажы Әмірханұлының: «Негізі бала жинау да Ыбырайға оңайға түспейді. Мынандай бір әңгімені естігенім бар еді. Торғайдың маңайында Бесқопа деген жер бар. Сонда Тоқтабай деген кісі тұрған. Бала жетпей жатыр дегенде: «Басқа бермесе де, Тоқтабайдың алты баласы бар, соның бірін берсін», деген ғой Ыбекең. Сонда Тоқтабай Досжан атты ұлын мектепке берген екен. Сол Досжанның ұрпағынан Тоқтабаев Кәрім деген министр шыққанынан кейінгі жұрт хабардар» деген естелік әңгіме айтып берген еді. Ғазиз ақсақал: «Ол уақытта Торғайда құрылыс салу оңай болмаған. Бұл маңда ағаш өспейді. Бөренені 500-600 шақырымдағы Аманқарағайдан тасыған. Соның барлығы қаржыға түскен. Оны халықтан малдай жинап, малды ақшаға айырбастаған соң ғана мектеп құрылысын аяқтаған. Сол білім ұясын өзіміздің көзіміз көрді, сонда оқыдық. Қабырғаларының қалыңдығы ғажап еді ғой», – деп Ыбырайға мектеп салу ісінің оңайға түспегенін еске алған болатын.

Жаңа бұл мектепте Шеген әулетінің ұрпақтары оқығанын Жәлел Қарабалин ақсақалдың естелігінен келтірдік. Шеген бидің ұлы Бірімжан – төңірегіндегі жұртқа оқудың маңызын, ол үшін мектеп керектігін, оны салуға

қаржы жинау қажеттігін түсіндіруде Ыбыраймен бірдей жүрген кісі. Бірімжанның баласы Қорғанбек Бірімжанов Торғайдағы Ыбырай ашқан мектепке алғаш барған 16 баланың бірі болды. Бұл туралы Ыбырайдың шәкірті, кейін Торғайда оқу инспекторы Ғабдолғали Балғынбаев «Ы.Алтынсарин туралы естелігінде»: «Ы.Алтынсарин арғынның белгілі адамы Бірімжанның балалары Дәуренбек, Қорғанбек, Әбдібектермен жиі араласып, өзі Торғайға келісімен оларды әуелі үйінде оқытып, кейін мектеп ашылған соң мектепке алып оқытты», – деп жазады. Ал зерттеуші Әсет Ламашев «Ыбырай (Ибраһим) Алтынсарин – ұстаз» деген мақаласында: «1865 жылдың 22 майында Торғайдағы қазақ мектебінің оқушылары тұңғыш сыннан өткізіліп, жазғы демалысқа таратылды. Сын қорытындысында төрт оқушы – Бірімжанов Қ., Қапезов Н., Жанғалин Н., Төшенов И. сыйлық алды» деп жазды. Ыбырайдан сауатын ашқан осы Қорғанбек, Дәуренбек Бірімжановтар кейін өз заманының белгілі адамдары болады. Ғазиз қажы Әмірханұлынан жазып алған ел аузындағы бір естелік еңгімеден Бірімжанның ұлдары – Қорғанбек пен Дәуренбектің сәби кезінен-ақ көзге түскені, олардың тәрбиесіне текті ата-анасының жақсы ықпалы болғандығы байқалады. Арада жылдар өткенде Ыбырайдың нағашысы осы Қорғанбек Бірімжановтың ұлы – Ахмет Бірімжановтың 1906 жылы 27 сәуірде Бірінші Ресей мемлекеттік Думасына депутат болып сайланып, онда сөйлеген сөзінде қазақ даласына орыс шаруаларының қоныс аударуына қарсылық білдірген қайраткерлігі туралы айта кеткеннің де артықтығы болмас.

Қазақ, башқұртқа тел ақын Ақмолла Мұхаметдиннің «Қорғанбекке» деген өлеңі Ыбырай мектебінің түлегі, Шеген бидің ұрпағы Қорғанбек Бірімжановқа арналуы бек мүмкін. Өлең:

*«Қорғанбек, жоқ екен бір ақыл-айлаң
Айдаттың Ақташты ұстап – халық қайран.
Қолыңнан екі ағаңды ұстап бердің,*

Тиеді енді кімге сенің пайдаң?» - деген шумақпен аяқталады. Мұндағы Ақташ деп отырғаны Ахмет Байтұрсыновтың әкесі Байтұрсынның бауыры Ақтас. Ояз Яковлевтің басын жарып, ағайынды Шошақовтар Сібірге айдалмайтын ба еді? Ақын осыны меңзеп отыр. Бұл кезде болашақ ұлт ұстазы Ахмет 13 жаста болатын. Қорғанбек Байтұрсын, Ақтастар замандас болған ғой.

Ыбырайдың орысша білім алуы, орыс адамдарымен араласуы және ортасына сай орысша киінуі ешқандай оқу-тоқуы жоқ, малдың буына семірген кейбір надандарға, әсіресе, өзі ұнатпайтын дүмше молдаларға шаншудай қадалды. Осы орайда заманынан озып туған кемеңгер адам туралы «шоқынды» деген түрлі өсек-аяң таратады. XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ даласында тұңғыш мектеп ашып, білім дөнін сепкен, қараңғылықтың түңдігін түрген ағартушының еңбегі туралы сол кездегі басылымдарда ұзақ уақыт бойы ләм-мим деп ауыз ашқан ешкім болмады. Алаш арыстарының бірі, ұлттық сананы оятқан «Айқап» журналының редакторы М.Сералин осы басылымның бетінде: «Өткен

1914 жылы 14 июльде алтыбас Ыбырай Алтынсариннің дүниеден өткеніне 25 жыл толып өтті. Қазақ жұрты үшін Алтынсариннің сіңірген қызметі көп еді. Оны есіне алған қазақ болды ма? Жоқ... көресіз, біз культурный жұрт қатарына кіруден әлі алыс жатырмыз-ау», – деп жазуында көп мән бар. Ұлы ағартушы өмірден өткен соң 34 жылдан кейін ғана, 1923 жылы «Шолпан» журналының № 6-7-8 сандарында басылған «Ыбырай Алтынсарин» деген мақаласында Мұхтар Әуезов тұңғыш рет ұлы ұстазды жалған жаладан қорғады, оның «қара қазақтан шыққан бірінші адам», «ұлт мектебінің іргесін қалаған бабасы», «бірінші ұлтшыл әлеумет қызметкері» екенін айтып, лайықты бағасын берді.

Осы мақаласында Мұхтар Әуезов: «Ыбырай жайында осы күнге шейін тым-тырыс болып келе жатқанының себебі бар шығар. Ол себеп – Ыбырай жайындағы ел арасындағы алып-қашпа өсек. Ол өсек қысқасынан айтқанда мынау: Ыбырай орысқа сатылды. Шен алып, шекпен кию үшін Ильминский сияқты қаражүректермен жақын болды. Ақысына қазақ жұртын шоқындырып бермекші болды. Тірі күнінде осы бағытта қызмет қылды. Өлгенде үйінен бір сандық крест шықты. Өзі шоқынған. Аты-жөні Иван Алексеевич еді. Ыбырайға жабатын жаланың түрі осы», – дейді де жазушы ол кісі туралы өсектің шығуының себептерін талдап, жоққа шығарады.

Мұхтар Әуезов Ыбырайдың өзі өлген соң үйінен шыққан бір сандық крест дегені бір сандық қағаз екенін айтады. Бұл, әрине, марқұмның дұшпандарының, дүмше молдалардың таратқан өсегі еді. Ұлы ағартушы мұсылманшылыққа көзқарасын, исламнан терең білімін «Мұсылмандықтың тұтқасы» оқулығымен-ақ айдай әлемге білдіріп кеткен болатын. Ал, ел жадында Ыбырайдың діни білімі туралы әңгімелер де сақталған. Біз айтқан Жәлел қария: «Ыбырай өлгенде бір тілім қағазға: «Е, құдай, берер болсаң берер ме едің, бекер ме еді «Уазиха» сүресінде айтқан сөзің», – деп жазып, жастығының астына қалдырыпты. Сонда ол кісі Құранның қай сүресінде не айтылғанын, одан қандай жеңілдік болатынын да білетін кісі ғой», – деген еді.

Қостанай қаласындағы Ы.Алтынсариннің өзі ашқан мектеп-интернатты көп жылдар бойы басқарған ардагер ұстаз Беген Қаженұлы Көпешев те жас кезінен бастап Ыбырай туралы ел аузындағы әңгімелерге құлақ түрген. «Менің үлкен ақсақалдардан естігенім – Ыбекең қайтқанда халық өте көп жиналады. Бірақ орыс шенеуніктері жаназаға қатыстырылмайды. «Ыбырай менің жаназама 100 молда тұрсын» деп айтты деген сөз осыдан қалған шығар», – дейді.

Ыбырай қызметінің өте ауыр болғанын байқаймыз. Ол кезде қазіргейдей машина, ұшақ қайда? Торғай мен Қостанай, Ырғыз арасын қыс айларында, жазғы аптапта, күзгі жауын-шашында ат арбамен жаяу аралаудың қиынын көзге елестетіп көріңіз. Адамдарды оқу-білімге насихаттау, мектепке қаржы жинау оңай болды дейсің бе? Оның үстіне Ыбырайға ел арасындағы дау-жанжалдарды да шешіп отыруға тура келеді, ол ұстаздықтың сыртында мұны да атқарған.

Ыбырайды қазақтың сабағаны жөнінде Торғайдың көкірегі алтын сандық қариялары айтып отыратын болған. Ахмет Байтұрсыновтың туған жері Ақкөлде оның аталас ағайыны болып келетін Ағытай Уәлі деген кісі болды. Мен көргенде ол кісі де тоқсан бірге шығып отыр еді. Бұл 2000-шы жылдардың ортасы болатын. Сол кісінің «біздің шалдар айтып отыратын»

деп баяндаған әңгімесін жазып алғанмын. Ағытай атамиздың айтуынша, кіші жүздегі жаппас руынан Басықара дегеннің асы болады. Басықара туралы нақты дерек таба алмадым. Астың тура қай жерде өткенін қария да ашып айта алған жоқ. Шамалауынша, Тобыл бойында болса керек. Басықараның асына Ыбыраймен қатар Торғайдан Төлебай деген кісі түйеге тоғызын артып, сән-салтанатымен келеді. Басықарамен оның құдандалығы болса керек. Бір атадан тарағандардың да бәрі бірдей сұңқар, бәрі бірдей тұлпар болмайды. Ибрагим Ағытайдың «Бабамыз бекзат данышпан» деген кітабындағы шежіреде Ахмет Байтұрсыновтың бабасы Таңбайдан он ұл туғандығы көрсетіледі. Сол ағайынды онның бірі–Шошақ, бірі–Көбек. Шошақтан Ахметтің әкесі Байтұрсын, Көбектен Төлебай туады. Ел аузында сақталған әңгіме бойынша, Төлебай бай, би болған, ұры ұстаған көрінеді. Ол аттың белін майыстыратын ірі кісі болған деседі. Бұл туралы Жайсаңбек Молдағалиевтің де Ыбырай туралы шығармаларында айтылады. Басықараның асына барғанда жұрттың ықыласы артынып-тартынып келген Төлебайға емес, Ыбырайға ауып кетеді. Аста бөйге болады. Дау сол жерде шыққан дейді. Ыбырай сөзден аулақ болғысы келді ме, өзінің атқа жеккен күймесімен қашады. Төлебай қуады. Жетіп алып, сойылмен арбаны быт-шыт етіп сындырып, Ыбырайды кейін қайтуға мәжбүрлеген дейді. Ыбырайға сойыл да тиген дейді қария. «Бірақ Ыбыкең тентекпен тентек болмай, сол оқиғаны жабулы қазан жабулы қалдырса керек. Егер Ыбырай ізденетін болса, оның Төлебайдай емес, қолы ұзын адам ғой. Ол екі рудың - Арғын мен Қыпшақтың жауласпауын ойлаған дейтін еді шалдар» деп қайырған еді әңгімесін Ағытай атай. Меніңше, тамтұмдап бізге жеткен осы әңгімеде шындықтың сұрлеуі жатыр. Бұл оқиға Ахмет Байтұрсыновтың 1926 жылы құрастырып, Мәскеуде бастырған «23 жоқтау» деген кітабына енген ақын Қарпық Шолақұлының Төлебай өлгенде оның он екі жасар қызына шығарып берген жоқтауында да қылаң береді.

Негізі Ыбырай туралы жұмбақ тұстар көп. Беген Көпешев ағамыздың айтуынша, Ыбырай тұрған үйдің ағашы өткен ғасырдың ортасына дейін сақталған. Оның кесенесі қазір Тобылдың жағасында жалғыз тұр. Ол неге жалғыз? Аға ұрпақ өкілдері сол жерде Алтыбас руының қорымы, онда Балғожа би әулеті жатқанын айтады екен. Халқымыздың тарихы, тілі аяқ асты болған заманда ескі қорым трактор табанының астында кеткен дейді. Орайы келгенде айта кетейін, өткен ғасырдың 80-ші жылдарының аяқ кезінде сол жылдары облысты басқарған Кенжебек Укиннің бастамасымен Ыбырайдың кесенесі жаңартылды. Алайда қазір оны қазақтың ұлттық санасын сілкіген, рухани үш бәйтерегінің бірі Ыбырайдың кесенесі деуге ұяласың. Өте жұпыны көрінеді. Бүгінгі байшыкештердің атасына ақ мәрмәрдан салған тамы оны он орап кетеді. Кесене тұрған жердің табиғи көркі де жаман емес. Сол жерде Инспектор көлі аталып кеткен Тобылдың бір ойық суы да бар. Сол жерді жұрт қасиеттеп баратын кешенге, түрлі шаралар өткізетін орынға айналдырса, қанеки! Бірақ, әзір оған ұлттық сана, ұлттық намыс сияқты ұғымдар аздық етіп тұрған жайы бар...

Нәзира ЖӘРІМБЕТОВА.



Мектептің тұсынан өтіп бара жатқан әкесі жанындағы баласына:
- Сен осы мектепте оқисың ғой, иә дейді. - "Иә" дейді баласы. - Осыдан 20 жыл бұрын мен де осы мектепте оқығанмын. - Ә, онда директордың маған кеше неге олай дегенін енді ұқтым. - Директор не деді? - "Дәл сендей топасты көрмегеніме 20 жыл болды!" деді.

Филология факультетінің үшінші курсында оқитын спорт шебері емтихан тапсырып отырса керек.
- Айналайын, ең болмаса қарапайым сұраққа жауап берші! Лев Толстой деген классикті білесің бе?
- Ағай-ау, мен классикамен емес, еркін күреспен айналысамын ғой.

Мұғалім оқушысын тақтаға шақырады да:
- Мен Шығайбайға бір алма беремін де, оны төрт балаға бөліп беруін сұраймын. Сонда әр балаға қандай бөлік тиеді?
- Ешқандай.
- Отыр, екі. Математиканы білмейсің.
- Ал сіз Шығайбайды білмейді екенсіз.

Мұғалім оқушыға:
- Сен үшін үй тапсырмасын неге әкең орындайды?
- Шешемнің қолы тимейді.

Үш талапкер тарих пәнінен емтихан тапсырып отыр. Біріншісі жақсы баға алу үшін өгіз беріп қойса, екіншісі қой берген. Ал үшіншісі жағдайы нашар болғандықтан, ештеңе бермеген. Ұстазы біріншісінен:
- Алғашқы атом бомбасы қай елде жарылды?
- Жапонияда

- Бес!
Екіншісінен: - Алғашқы атом бомбасы қай елде жарылды?
- Жапонияда.
- Қай жылы?
- 1945 жылы.

- Бес!
Үшіншісінен: - Қай қалада?
- Херасимода.
- Өлген адамдардың саны қанша?
- Екі жүз тоқсан төрт мың. Ұстазы сасқанынан:
- Өлгендердің атын атап шық, - депті.

Оқушы мұғалімге:
- Ертең сабаққа келмей-ақ қояйыншы.
- Неге?

- Мама, өзіңіз ғой кеше ертең ауылдан апам келеді деген.
- Екеуіміз бірдей келмесек, ұят болар.

Емтиханда: - Сұраққа жауап беріңіз, студент.

- Ойлауға кішкене уақыт беріңіз.
- Уақытың баяғыда бітіп қалған.
- Онда залдың көмегіне жүгінейін, болмаса досыма телефон шалайын.

Екі жігіттің әңгімесінен:
- Темекінің зиянды қасиеттері туралы кітап оқыдым, қоятын шығармын.
- Темекіні ме?
- Жоқ, кітап оқуды.

Тарихи сурет



Суретте Елбасы Н.Ә. Назарбаев Қостанай қаласындағы № 10 -шы мектеп оқушыларының, тәуелсіздік құрдастарының ортасында.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

11000, Қостанай қаласы,
А.Байтұрсынов көшесі,
47-үй, 217 бөлме.
Медиа – студия.
Байланыс телефоны:
қалааралық
8-7142-51-11-67,

Редакция оқырман
хаттарына жауап бермейді,
кері қайтармайды.
Журналдың қажетті
сандарын редакциядан
сатып алуға болады.
Бағасы келісімді.
«Жас өркен-Қостанай»
журналына демеушілік
көрсетем деушілерге мына
есеп-шотымызды ұсынамыз:
РМҚК «А.Байтұрсынов
атындағы Қостанай
мемлекеттік университет»

**«Серпін-2050» «Мәңгілік ел жастары –
индустрияға!»**

Университеттегі «Серпін-2050» күні

«Халықаралық бағдарлама орталығы» АҚ президентінің кеңесшісі Талғат Төлебайұлы мен «Серпін-2050» республикалық әлеуметтік жобасының жетекшісі Гүлзия Қадырқызы Қостанай қаласына жұмыс сапарымен келді. Делегация мүшелері облыстағы іргелі оқу орны А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ-да болып, серпіндік студенттердің оқуымен танысты.


Қонақтар университет басшылығымен бірге «Білім орталығы» ақпараттық оқу-білім орталығын аралап, білім алушылардың оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру, студенттердің бос уақыттарын өткізу жағдайымен танысты. Кейін №2 студенттер үйіне барып, ондағы тұратын студенттердің әлеуметтік-тұрмыстық күйлерін көріп қайтты.

Делегация мүшелері университетімізде «Серпін-2050» жобасы бойынша білім алатын студенттермен кездесті. Жиында студенттер жоба басшысы Гүлзия Тобатаеваға көкейлеріндегі сұрақтарын қойды. Іс-шарада жобаға қатысты жаңалықтар айтылды. Мысалға, келесі жылдан бастап серпіндіктердің шәкіртақысы көбейеді. Олар тек бакалавриат ғана емес магистратураны да білім гранты бойынша оқи алады. Сондай-ақ мемлекетіміз студенттерге «Болашақ» бағдарламасы бойынша оқуларын шет елде тегін жалғастыруға мүмкіндік береді. Шара нәтижесінде қонақтар университетімізде «Серпін-2050 жобасы» бойынша білім алатын студенттердің оқуы және тұруына жақсы жағдайлар жасалғанын атап өтті. Біздің университетімізде «Серпін-2050» әлеуметтік жобасы былтырғы жылдан бастап жүзеге асырыла бастады. Қазіргі таңда университетте 14 мамандық бойынша 570 серпіндік білім алып жатыр.

**Кәмшат ТАЛҒАТҚЫЗЫ,
ГЭФ журналистика мамандығының 2-курс студенті.**

ИИК KZ83856000000079688
РНН 391700052352,
БИН 990240005319
БИК КСJBKZKX
РНН банка 391700078345
БИН банка:980841000472
Кбе 16

Журнал редакцияның
компьютерлік орталығында
теріліп, беттеліп
«Қостанайполиграфия»
ЖШС баспаханасында
басылды.
110007, Қостанай қаласы,
С.Мәуленов көшесі, 16.
Басуға 13.12.16 ж.
қол қойылды.
Көлемі 32 бет,
Офсеттік басылым.
Тапсырыс № 5591
Таралымы 900 дана.
Баспахана түпнұсқасы
нашар суреттердің сапасына
жауап бермейді.



Жаманқұл Сатыпалдыұлы

Қостанай облысының Сарыкөл ауданында туып-өскен Жаманқұл Сатыпалдыұлы (1780 - 1896) туралы жазушы Едбиді Мұқанов пен белгілі әдебиеттанушы ғалым Балтабай Адамбаев «Қазақ әдебиеті» газетінің 1965 жылғы 12 қарашадғы 46-шы санында «Жаманқұл жайы көп нәрсені аңғартады» деген мақала жариялаған болатын. Бұл жарияланымының аса қндылығы сол, онда мақала авторлары Қостанай жерін аралаған сапарында Жаманқұл деген ақынды іздестіріп жүріп, оның Жаманқұл деген ақын екенін анықтағанын жазған.

Жаманқұл ақын қазақтың ұлы ғалымы Шоқанның әкесі Шыңғыспен тұрғас, сол кезеңде өмір сүрген кісі. Бірақ, Шоқанның жазбаларында оның есімі Жаманқұл деп көрсетілген. Ал Жаманқұл есімді ақын бұл өңірде болған емес. Ендеше Шоқан оның есімін қате жазып алған.

Жаманқұл ақынның туыстарының айтуына қарағанда, тоқсан екі баулы Қыпшақтың бір бұтағы бұлтыңнан тарайтын қорлеуіт деген іргелі ру. Қорлеуіт руынан шыққан атақты Ыбыз батырдың кіші әйелі қаракесек Қазыбек дидің қарындасы Кенжесары деген кісі екен. Кенжесары жеті ұл туған. Соның бірі Байқожа. Байқожадан Сатыбай мен Сатыпалды деген екі ұл туады. Сатыпалдыдан Жаманқұл туады.

«Едіге» жырының бір нұсқасын Шоқанның әкесі Шыңғыс осы Жаманқұл ақынның аузынан жазып алған. Шоқан Уәлихановтың өзі: «мен бұл жырды ең алғаш рет 1841 жылы Аманқарағай ауанында көшіп жүретін (ол кезде Аманқарағай ауаны орталығы Сарыкөл ауданы аумағында орналасқаны тарихтан белгілі) қорлеуіт қыпшақ Жаманқұл ақыннан естідім (Едбиді Мұқанов газетте дерісі Жаманқұл деп ескертпе жасайды). ХҮ ғасырда шыққан деп шамаланатын бұл жырдың (рансодия) жақсы сақталуы мені аса қайран қалдырды» - деген.

Жаманқұл ақынның зираты Сарыкөл ауданына қарасты бұрынғы Чехов атындағы кеңшардың Қарасу деген ауылының жанында екен. Бұл зиратты мақала авторлары Едбиді Мұқанов пен Балтабай Адамбаев, сынышы Есмағамбет Ысмайылов үшеуі арнайы іздеп барып, өз көздерімен көрген. Қорлытаста «руы бұлтың қыпшақ қорлеуіт Байқожа Сатыпалды балаесы Жаманқұл» - деп жазылған.

Қорлытастың орнатылған мерзімі 1961 жыл деп көрсетілген. Қорлытасты Сейітен Жоламанов деген азаматтың басшылығымен сол маңайда тұратын ел кейінірек орнатқан. Мақалада жазылған және Жаманқұл ақынның туыстары айтқан деректерді сұрыптай келгенде, ақын Ордағаш деген қоныста 1780 жылы туып, 1896 жылы қайтыс болған деген қорытынды жасауға болады.